Кеңестік уақыттың тарихи құжаттары өз кезеңіндегі идеологияға сәйкес жазылған, естеліктердің авторлары да бұл шеңберден шыға алмады. Мәселен, жоғарыда аталған № 811-қорда Октябрь революция тарихы және партия тарихы бойынша комиссиясы құрастырған естеліктерді жинау туралы нұсқаулық бар. Бұл нұсқаулық 1936 ж. 21 шілдеде құрастырылып, көлемі 7 бет, 27 мәселені қамтыды. Бұл сұрақтар естелік берушіге оқиғаларды қалай сипаттау керек, қандай баға беру керек екендігіне нұсқау берді. Мысалы, бірінші және екінші тармақтарда еңбеккерлердің жағдайларына аса мән берілді. *Бірінші тармақ.* Положение трудящихся масс накануне восстания было в высшей степени напряженным.

Екінші тармақ. Рабочие и трудящиеся массы желали прекращения империалистической войны, а капиталисты и поставщики различных продуктов питания и фуража желали продолжения войны до победного конца, стремясь нажить себе капиталы. [5].

1916 жылға арналған баяндамада С. Меңдешев айтқан болатын: «Эти события, или это восстание имело место в 1916 г., когда в империалистической России нарастал кризис, усиливаемый тяжестью империалистической войны. На основе этого кризиса нарастало недовольство пролетариата и трудящихся не только во внутренних частях страны, но и на окраинах, на колониальных угнетенных окраинах. Поэтому восстание казакского населения в 1916 г. необходимо отнести к движению национально освободительному от колониальной политики царской империалистической России. С этой точки зрения это восстание следует считать составной частью назревавшей в России революции» [6; 2, 23-б.].

Үшінші тармақта халықтың экономикалық жағдайы туралы айтылды. *Үшінші тармақ.* В годы империалистической войны с населения взимались налоги в двойном размере

вплоть довоенного времени. Бралась для фронта лошади, скот, кошмы и прочие по самым низким ценам, но хозяева были за это недовольны [5]. Шаңырақтарға жаңа әскери салық енгізілді. Соғыс басталған соң жергілікті халыққа салынатын салықтар 3–4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есе өсірілді [7, 636-б.].

Оразғалиев және Ақдәулетов еске алады: «Ко времени империалистической войны, условия жизни казахских трудовых масс Уильского района, стали нищенскими, положение было беспомощным, ввиду обложения царским правительством разными непосильными налогами, а также от грабительских действий волостных управителей, народных судей, мулл и ишанов» [5].

Жетінші тармақта халықты патшамен, құдаймен қорқытатын. *Жетінші тармақ.* Принимая во внимание настроение народа Начальник уезда собрал влиятельных богачей и духовенство на совещание, после чего баи и духовенство приступили к агитации в среде трудящихся масс подчиниться приказу о наборе говоря, что в случае неподчинения будете преступниками перед царем и Богом. Видите по распоряжению правительства истребляли джизанцев орудейным огнем и нас постигнет такая же участь, если не подчинимся приказу [5].

Б. Әшекеевтің естелігі бойынша, «по вопросу – будем ли давать на мобилизацию жигитов, или не будем давать, народ делился на две части. Крупные баи, муллы стояли на стороне волостного управителя и биев, настаивали и согласились с приказом губернатора дать солдат по мобилизации на работу. Они говорили, что стать против приказа царской власти – равносильно тому, что стать против бога. Би, волостной управитель и муллы стали агитировать народ, что царь моложе бога только на год. Среди бедняков и бедняцкого крестьянства настроение против работы и мобилизации возросло, бедняки и середняки говорили – мучаться будем мы, в армию берут нас, если умрем – то мы умрем, а не баи и муллы и т. д.» [5].

ҚР Президенті Архивінің қорларында 1916 ж. көтеріліске байланысты сақталған құжаттардың екінші ерекшелігі – мәтіндерді жазуда үш алфавит қолданылған: араб графикасы (төте жазу), латынша, кирилл қаріптері. Мысалы, Ақмола облысындағы 1916 ж. көтеріліс туралы С. Сейфуллиннің [3], Торғай облысындағы М. Дайрабаев [8; 2, 90–95], С. Байсейітов, А. Нұрмановтың [9] естеліктері және т. б. латын графикасында жазылған. Атбасар уезіндегі 1916 ж. көтеріліс туралы Мұқаштың [10], Т. Құлажановтың [11] естелігі және т. б. араб графикасында сақталған. Өкінішке орай, мұндай істерге сұраныс өте аз, көбінесе зерттеушілер, кириллицада жазылған құжаттарды қарайды, өйткені латын және араб графикасында жұмыс істей алатын зерттеушілер аз.

Қорыта келгенде, ҚР ПА-ның 1916 жылғы оқиғаға байланысты құжаттар арнайы жинақталмаса да, Октябрь революциясы және партия тарихын жинақтау жөніндегі комиссиясының құжаттары сақталған қорда Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс туралы құжаттық хроникалар сақталуда. Осы құжаттардың негізінде 1998 ж. ҚР Президентінің Архиві қазақ халқының 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысының тарихына арналған екі томдық «Қаһарлы 1916 жыл:– Грозный 1916-й год» құжаттар мен материалдар жинағын шығарды [1; 2]. Жинаққа бұрыннан белгілі деректермен қатар тоталитарлық жүйе тыйым салып келген жаңа құжаттар мен материалдар енгізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год (сб. документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1998. – (Саяси-көпшілік басылым) Т. 1. – 1998 – 423 б.
2. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год (сб. документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1998. – (Саяси-көпшілік басылым) Т. 2. – 1998 – 247 б.
3. ҚР ПА. 811-қ, 1-т. 58-іс. 1–20-п.
4. Сонда. 20-т. 67-іс. 1–26-п.
5. Сонда. 6-т. 153-іс. 58–59, 84, 231–244-п.
6. Сонда. 20-т. 752-іс. 2-п.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 768 б.
8. ҚР ПА. 811-қ, 6-т. 36-іс. 1–6-п.
9. Сонда. 153-іс. 32–54-п.
10. Сонда. 3-қ. 557-іс. 1–20-п.
11. Сонда. 811-қ, 6-т. 153-іс. 1–12-п.

ИЗ КНИГИ «ГОВОРЯТ ПОГИБШИЕ ГЕРОИ»

Наверно, нет в нашей стране семьи, которой не коснулась бы Великая Отечественная война 1941–1945 гг. На фронт уходили отцы, матери, братья и сестры. 1 млн 366 тыс. человек ушли на фронт из Казахстана, не вернулись более 600 тыс. Они отдали самое дорогое – свои жизни – за будущее, за Родину.



В этой публикации я хотела бы поделиться письмами из книги «Говорят погибшие герои. Предсмертные письма советских борцов против немецко-фашистских захватчиков (1941–1945 гг.)», девятое дополненное издание, выпущенное в 1990 г. в Москве. Страницы сборника рассказывают от первого лица о самой трагической войне в истории человечества. В книге собраны предсмертные письма, записки, завещания, надписи на стенах крепостей, тюрем, гестаповских застенков и лагерей, которые писались в последние минуты жизни, в редкие часы передышек и затишья либо в момент тяжёлых боёв с гитлеровскими войсками. Прощальные строки партизан, подпольщиков, солдат и офицеров Советской армии, жителей оккупированных районов, юношей и девушек, угнанных в фашистское рабство. Перед лицом смерти они обращались со словами прощания к своим жёнам и матерям, стараясь хотя бы ненадолго заглушить невыносимую

тоску по семьям и родным местам, с которыми им пришлось расстаться для защиты своей Родины. В этих письмах соединено то, что соединить невозможно и немыслимо: любовь и смерть, нежность и варварство, красота природы и лежащие трупы врагов и павших героев.

К примеру, в сборник включены надписи на стенах защитников Брестской крепости; гестаповской тюрьмы г. Риги; письма известного советского писателя Аркадия Петровича Гайдара, адресованные пионерам-тимуровцам и сыну; генерал-майора И.В. Панфилова – жене; последний номер рукописной газеты «Окопная правда», выпущенной пионером Валерием Волковым; стихи и записки известного татарского поэта Мусы Джалиля; письма, записки и последние слова легендарного разведчика Рихарда Зорге и других советских людей, до последнего дыхания борющихся против фашистских захватчиков, воинов, сохранивших твёрдую уверенность в победе.

Также в книге представлены 3 документа героев казахстанцев павших смертью храбрых: письма младшего сержанта Умиржана Джанбырбаева сыну Абдрахману, гвардии лейтенанта Жангазы Акимовича Молдагалиева двоюродному брату Абдрахману, командира сапёрного батальона Баубека Булкушева друзьям. Два письма адресованы одному человеку по имени Абдрахман, первое из них от отца, а другое от двоюродного брата.

С момента окончания войны прошло много лет, но народ не забыл и славит тех, кто сражался и погиб, приблизив час победы, прославляет оставшихся в живых, сумевших победить врага. Герои не умирают, их слава бессмертна, их имена навечно занесены в народную память. И это величайший пример для потомков на все времена.

*Публикацию подготовила Кабдулова К.Д.,
эксперт Управления комплектования и
документации Архива Президента РК*

№1*

Письмо младшего сержанта У. Джанбырбаева сыну Абдрахману

11 сентября 1942 г.

Я – коммунист. Партийный билет – это моя жизнь. Я рос, воспитывался и учился в родном Казахстане в годы Советской власти. Она вошла в мою кровь и плоть. И я борюсь с врагом за эту власть.

Знай, мой любимый сын Абдрахман, что и моя кровь оросила землю, по которой ты будешь ходить, строить прекрасную жизнь, о которой я мечтал.

Будь достоин меня!

Умиржан Джанбырбаев (1904–1942), член КПСС, сержант, командир отделения 2-го батальона 730-го стрелкового полка 204-й дивизии 64-й армии, героически сражался у стен Сталинграда.

Коммунист Умиржан Джанбырбаев и его сын Абдрахман ушли на фронт в разное время, оба защищали сталинградскую землю. 12 сентября 1942 г. во время боёв на южной окраине города погиб У. Джанбырбаев. Он захоронен в братской могиле в Кировском районе города-героя.

Имя Умиржана Джанбырбаева увековечено в зале Воинской славы памятника-монумента героям Сталинграда.

О жизненном и боевом пути У. Джанбырбаева рассказывается в книге С.И. Честнова «Баллада об отце и сыне» (Алма-Ата, 1975).

После выхода в 1986 г. восьмого издания книги «Говорят погибшие герои», в которой была опубликована фотография У. Джанбырбаев, некоторые читатели прислали письма с вопросом: допущена ли ошибка при подготовке сборника, так как на фотографии герой в погонах, а ведь известно, что они стали вводиться в Советской армии с января 1943 г.?

Следует пояснить, что погоны в войсках вводились постепенно, начиная с осени 1942 г. Причём их первая партия поступила именно на Сталинградский фронт, а в течение января–февраля 1943 г. новое обмундирование с погонами было введено повсеместно.



¹ Стиль и орфография в текстах сохранены.

№2

Письмо гвардии лейтенанта Ж.А. Молдагалиева
двоюродному брату А. Умиргалиеву

23 октября 1943 г.

*Роца, окоп, блиндаж, как яркое лето.
Пушистый снег – одеяло, ледяная постель.
Честь страны, месть солдата – вот что братом твоим овладело.
«Ни шагу назад!» – говоришь ты мне, как будто шагая рядом.
Я стал сейчас парнем славным, удалым.
Я – солдат фронта, который тайну хранит свято.
Я – человек, который переродился в огне.
Во сне я тебя вижу иногда – так сильно по тебе скучаю...*

«Письмо брата – вспоминает Абдрахман, – я прочитал уже после войны, когда отгремели победные залпы, а брату было присвоено звание Героя Советского Союза. Жангазы всегда был для меня примером. Как реликвию я храню его последнюю весточку ко мне...»

Бои за украинское с. Чернопаровку и плацдарм на правом берегу Днепра шли днём и ночью. Особенно ожесточёнными они были у высоты 167,2, где укрепились гитлеровцы.

Солдаты роты гвардии лейтенанта Жангазы Молдагалиева атаковали высоту. Вражеский пулемёт, стрелявший из дзота, перекрыл дорогу наступающим. Рота несла потери. И тогда её командир пополз к дзоту. Приблизившись к нему, он бросил одну гранату, вторую, третью... пулемёт умолк. Солдаты с криками «Ура!» поднялись на штурм. Неожиданно из-за ближайшего деревянного наката застрочил другой пулемёт. У Жангазы не было больше гранат. Оценив обстановку, видя, как погибают его боевые товарищи, он рванулся к огневой точке противника и бросился на амбразуру...

Когда высота была взята, гвардейцы с почестями похоронили своего командира. В кармане его гимнастёрки, рядом с партийным билетом, они нашли тетрадный листок, исписанный арабской вязью. Сразу прочесть написанное не удалось. Позднее в политотделе полка сделали подстрочный перевод. Это оказалось письмо в стихах, адресованное двоюродному брату Абдрахману Умиргалиеву, воевавшему в то время под г. Ленинградом.

Останки воина были захоронены в пос. Елизарово на братском кладбище павших в боях за Днепр. На мраморном обелиске высечено: «Герой Советского Союза гв. лейтенант Молдагалиев Жангазы Акимович. 1917–1943».

Именем героя названы Ряснянская школа, пионерские дружины.

№3

Письма командира саперного батальона Б. Булкишева друзьям

Май 1942 г. – не позднее 3 февраля 1944 г.^{1*}

С западного фронта в «Комсомольскую правду»

Май 1942 г.

...Я воюю более 300 дней. За это время изменилась наша страна, изменились наши люди, изменился и я. Я стал воином, суровым человеком, и никто не скажет, что десять месяцев назад я был юношей, который ничего не знал, кроме мечты об учебе и любимой девушке.

Моя молодость служит делу человечества. Быть может, мне и не удастся вернуть ее, но я верну ее моим младшим братьям, и они будут гордиться теми, кто сражался с врагом в эти воинственные годы.

^{1*} Дата гибели на фронте Б. Булкишева.

Младшие братья! Вы будете самыми счастливыми молодыми людьми, каких не знала история. Вы не будете знать, что такое война.

Мы жертвуем собой во имя вашего счастья, вам мы обеспечим мир навеки.

Друзьям

Конец августа 1943 г.^{1}*

...Я прочел как-то в газете о том, что казахи, сражаясь под Харьковом, целовали освобожденную украинскую землю. Мы читали эту заметку с одним украинцем. Мы обнялись с ним тогда, поцеловались и заплакали. Мы, взрослые люди, воины! Враг никогда не заставил бы нас заплакать, как бы ни издевался над нами. Но теперь мы плакали, растроганные этим великим проявлением дружбы народов.

И мы поклялись друг другу – как бы нам тяжело ни было, до конца драться и победить...

В родной город Алма-Ату

Не позднее 3 февраля 1944 г.

Сегодня по приказу наркома мне присвоено новое воинское звание. Меня можешь встречать теперь старшим лейтенантом...

Он родился в Байконуре – небольшом казахстанском посёлке, ставшем всемирно известным после первого космического полёта Ю.А. Гагарина. Окончил ФЗУ, работал сотрудником газеты в Алма-Ате. Мечтал стать писателем. И вот – война, фронт.

Тяжела солдатская доля. Но сапёр Баубек Булкишев в редкие минуты затишья умудрялся вести дневник. «Фашисты хотят отнять нашу молодость, отнять нашу будущность, – писал он. – Но разве мы отдадим? Умрём, но не отдадим!» И далее: «Человечество прошло долгий путь от Софокла до Ленина, от Гомера до Горького, от Баха до Шостаковича. Человечество веками накапливало богатства культуры... Мы ничего не отдадим вандалам XX в., – повторяет свою мысль Баубек, завершая ее твёрдым решением: – С мыслью о Родине пойду утром в бой».

Летом 1942 г. Баубек по совету сверстников-фронтовиков, которым он нередко читал выдержки из дневника, послал некоторые записи в Москву, в адрес редакции «Комсомольской правды». Политический обозреватель «Правды» Юрий Жуков – в то время он заведовал отделом в газете – рассказывал, что весточки от Баубека Булкишева сразу же привлекли внимание, часть их была опубликована и вызвала живой отклик с фронта и из тыла.

Осенью 1943 г. начались ожесточённые бои за освобождение Криворожского железнодорожного и Никопольского марганцевого бассейнов, имевших большое военно-стратегическое значение.

Письма от Баубека – к тому времени он командовал сапёрным батальоном – стали приходить все реже и реже. А затем совсем перестали их получать. В воинскую часть Баубека полетели тревожные запросы. После долгого молчания откликнулся солдат Н. Степурин. «Баубек Булкишев – мой командир, – писал он. – Это был самый лучший наш друг и товарищ. Он погиб в боях у с. Ново-Юльевка...».

Спустя много лет стала известна эта официальная справка: «Ст. лейтенант, командир сапёрного взвода 810-го стрелкового полка 394-й стрелковой дивизии Булкишев Баубек, уроженец Карагандинской обл., Карсакпайского р-на, кандидат в члены ВКП (б), призванный в Красную армию Алма-Атинским РБК, убит 3 февраля 1944 г. и похоронен в с. Ново-Юльевке Софийского р-на Днепропетровской обл.».

9 мая 1974 г. «Комсомольская правда» напомнила о казахском юноше, напечатав записи Баубека Булкишева и письма, адресованные ему.

^{1*} Датируется по времени освобождения Харькова от немецко-фашистских захватчиков.

*А.Ә. Сейсенбаева,
ҚР Президенті Архивінің
Ақпаратты-әдістемелік жұмыс
басқармасының бас сарапшысы*

АШАРШЫЛЫҚ: ТАРИХИ ТАНЫМДЫ КЕҢЕЙТУДЕГІ ҚР ПРЕЗИДЕНТІ АРХИВІНІҢ РОЛІ

Үстіміздегі жылы еліміздің Тәуелсіздік алғанына 25 жыл толып отыр. Бұл тәуелсіздіктің мәнін жас буынға, жалпы жұртшылыққа ұғындыру үшін КСРО-ң одақтас республикасы болып тұрған кезеңдегі еліміздің қасіретті тарихын таныта берудің маңызы зор. Аталған жылдардағы қазақ қасіреттерінің бірі – ашаршылық тақырыбы аз жазылмады және жазыла бермек. Өйткені бұл адамзат тарихындағы тұтас этносқа қатысты қолмен жасалған бірден-бір орны толмас қиянат. Бұл, ең бірінші кезекте – КСРО сияқты мызғымас алып мемлекеттің көсемінің жеке басына табынушылықтың нәтижесі.

ҚР Президентінің Архиві ашаршылық тақырыбын бүгінгі таңда бірінші рет емес, ұдайы көтеріп келеді. Архивтер әдетте құжаттар жинақтарын өңдеп шығарады. Бұл тарихи танымды кеңейтудегі маңызы зор іс. Алматы қаласының Достық даңғылында орналасқан ғимараттағы Архив 1991 ж. бері, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесе отырып бірнеше құжатты жинақтарды [1], ҚР Археология және деректану ұлттық орталығымен бірлесе отырып құжаттар жинағының 1-томын [2] шығарды және келесі томдары даярлануда. Сонымен қатар Архив мамандары 2011 ж. Ресейде шыққан «Голод в СССР» жинағына [3] тиісті құжаттарды іріктеп, өңдеп енгізді. Дегенмен құжаттар жинақтарында құжаттардың түрлері мен мазмұндарының сан түрлілігі соншалықты, олардың әрқайсысы жеткілікті бағасын, толыққанды талдауын алып жатпайды. Сондықтан ашаршылық тақырыбында жазылған жеке зерттеу кітаптарының, монографиялардың, дербес ғылыми мақалалардың маңызы зор. Тарихшы ғалым Т. Омарбеков аштық туралы монографияларын ҚР Президент Архивінің құжаттары бойынша жазды. Архив қызметкерлері ашаршылық тақырыбына жазған «Қараусыз қалған қара көздер», «Қарақшылық тудырған қасірет» 1928–1931 жж. «Сталинге домалақ арыз» мақалалары [4] республикалық бұқаралық ақпарат құралдары мен ғылыми журналдарда жарияланды.

Архивте ашаршылық туралы тарихи құжаттарды кеңінен жұртшылыққа таратудың тағы бір нысаны – тарихи-құжаттық экспозициялық көрмелер ұйымдастыру. Зұлматқа толы нәубетті тарихи оқиғаның 80 жылдығына орай 2009 ж. «1928–1933-жылдардағы Қазақ ауылдары мен селоларының қасіреті» тақырыбында, 2012 ж. «1930–1933-жылдардағы Қазақстандағы аштық», тақырыбында тарихи-құжаттық экспозициялық көрмелері ұйымдастырылды. Оған жоғарғы және орта оқу орны студенттері мен мектеп оқушылары шақырылып, құжаттармен таныстырылды.

ҚР Президенті Архивінде ұйымдастырылған «1930-жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық: құжаттар мен деректер» көрмесіне қазақ байларының тәркілене бастауы жөніндегі мәліметтерден бастап, колхоз құрылысы аяқталғанға дейінгі деректер мен құжаттар және фотосуреттер енгізілді. Онда бай-құлақтарды тап ретінде жою, жергілікті жерлердегі астық дайындау, тұқым қорын жинау, ет өткізу барысындағы халыққа орынсыз, мөлшерсіз салынған салықтар, ондағы орын алған олқылықтар мен кемшіліктер, басшылардың әкімшіл-әміршілікпен басқару нысандары, құқық қорғау органдары жендеттері тарапынан болған озбырлық әрекеттері суреттелген құжаттар көрсетілді. Осындай құжаттың бірі көрмеге қойылған Сталин атына жазылған белгісіз автордың арызында Ақмола округінде Социалистік аудандағы елдің ащы жағдайы ашына жазылған. Онда қарапайым колхозшы саяси жағдайды жете түсініп, жүйелей отырып өз пікірін білдіреді. Арыздан жергілікті жерлердегі экономикалық шаруашылық жағдайды ғана емес, балалар үйі, саяси, білім беру мәселелері де көтерілген. Бір ерекшелігі – кеңес билігі шағымда жазылған фактілерді емес, оның авторын анықтаумен айналысқан.

Көрмеде тағы мынадай сорақы құжат бар – Қазақ өлкелік партия комитетінің нұсқаушысының ел басшыларына жазған баяндамасы – Мерке ауданында салынып жатқан қант заводында ашыққан жұмысшылар жамырап тамақ сұрағанда, олардан құтылу үшін оның басшылары мынадай айла ойлап тапқан: такашы бар жүк машинасының үстіне шелек

алып шығып оларды сықырлатады. Ішінде тамақ бар деп ойлаған жұмысшылар жаппай такашқа лап беріп, соңғысына дейін мінген кезде бортын лезде жауып, айдалаға таулардың арасына апарып төккен. Осындай бірнеше рейс жасалған. Әлсіздіктен жұмысшылар алыс таудың арасынан елге қайтып орала алмай, сол жерде қырылған.

Көрмеде осындай құжаттармен қатар, ел арасында тараған шешек, сүзек, ісік сияқты эпидемия аурулары, халықтың ауылдарда жаппай қырылуы, каннибализм фактілері сияқты жантүршігерлік құжаттар орын алды.

ҚР Президенті Архивінде ерекше құнды құжаттар санатына жатқызылған қазақ зиялыларының мал шаруашылығының күрт төмендеуі, ашаршылық туралы жазған аты шулы «Бесеудің хаты», «Алтаудың хаты», Қазақстан басшыларының елдегі жағдайды суреттеп И. Сталин атына жазған баяндамалары осы көрменің төрінен орын алған.

Құжаттардың тағы бір парақтары ашаршылықтан жазықсыз қатты зардап шеккен халықтың бір тобы – жетімдер мен тірі жетім балаларға арналды. Осы жылдары жүздеген қазақ балалары қараусыз қалып, көшелерде босып жүрді. Күніне далада қалған ондаған балалар терілді. Балалар үйі лық толды және онда олар лег-легімен қырылды. Ежелден баланы дүниеге әкелуден, оны жақсы көруден алдына жан салмаған қазақ халқы аштық жылдары өз балаларын өздері жеді, қол-аяғын байлап, суға лақтырды.

Өрине, көрме құжаттары елде жайлаған ашаршылық пен жергілікті билік қысымына төтеп бере алмай 1931 жылдың күзінен бастап шекара асып кете барған босқындар туралы да суреттейді. Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан аумақтарына, Батыс Сібір, Орта Еділ өлкелеріне дейін өткен қазақтар ауыр жолдан әлсіреп, жүре алмаған балаларын қыр, жота, асу, тауларда, темір жолдарда тастап кетті. Босқындар ауыр жол тартып көздеген жерлеріне жеткен күнде де маңдайларынан жел еспеді. Қай жақта да аурудан, аштықтан, аяздан өлу жалғаса берді. Билік орындарының Орта Еділ, Батыс Сібір сияқты өлкелерде босқан елдің қалыңдығынан толыққанды көмектесуге шамалары жетпеді. Босқындар ашжалаңаш күйінде далада түнеді. Өлген жануарлардың етін, суррогатты (жалған өнім) азық етті. Пәтерлердің есігін қағып, нан сұрады. Асханаларға барып нан қоқымдарын теріп жеп, табақтарды жалады. Жұқпалы аурулар кең таралды. Сай-сайлар үйілген қаңқаларға толды. Босқыншылықтан опа таппаған халық елге қайта оралуға мәжбүр болды және мұны кеңес билігі талап етті. Аталған оқиғаны бейнелейтін көрмеде фотосурет пен құжаттар бар. 1933 ж. қайта оралған 350 босқыншыны Шығыс Қазақстан өңіріндегі Семей қаласындағы тар бараққа орналастырған. Оның санитарлық жағдайын тексеріп барған арнайы комиссияның актісінде 50 градус аязда барактағы отырған босқыншылардың жағдайы айтылған. Фотосуретте барактың ішінде 4–5 күнге дейін жатып қалған адамдардың мәйіті анық көрінеді.

Ауыл-шаруашылығының даму түрін өзгертуден басқа, халыққа діни қысым жасалғаны да белгілі. Қалыпты өмір сүруіне жан-жақтан жасалған қысым жаппай халық наразылығын тудырып, жер-жерде жасырын ұйымдасқан ұсақ қозғалыстар мен ірі-ірі көтерілістер орын алды. Көрменің соңғы бөлігі осындай халық көтерілістері туралы құжаттарға арналды.

ҚР Президенті Архивінде қазір қолға алынып отырған ашаршылық құрбандарын анықтау жөніндегі жобасы бойынша жиналған материалдар мен дереккөздер мемлекеттік органның заңды иелігіне айналатындықтан ашаршылық тарихы тақырыбын жұртшылыққа танытуда ҚР Президент Архивінің ролі арта бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Голод в казахской степи. / Сост. С. Абдираимов, И.Н. Бухонова, Е.М. Грибанова, Н.Р. Джафаров, В.П. Осипов. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1991. – 208 с.; Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931–1933 гг.: Сборник документов и материалов. / Министерство науки – Академия наук РК, Институт истории и этнографии им. Ч. Валиханова, АПРК, ЦГА РК. Сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – Алматы: Фонд XXI век, 1998. – 263 с.
2. Трагедия казахского аула 1928–1934 гг. Том 1. 1928–1929. Сборник документов. / Сост. А.С. Зулкашева, Г.Т. Исахан, Г.М. Каратаева. – Алматы: Раритет, 2013. – 743 с.
3. Голод в СССР. 1929–1934.: в 3 т. Т.1. Том первый. 1929 – июль 1932. В 2 кн. Кн.1. – М.: МФД, 2011. – 656 с.; Голод в СССР. 1929–1934: В 3 т. Т. 2. Июль 1932 – июль 1933. – М.: МФД, 2012. – 912 с.; Голод в СССР. 1929–1934. В 3 т. Т. 3: лето 1933 – 1934. – М.: МФД, 2013. – 960 с.
4. Ақиқат, – 2011. – № 9. 82–90 б.; Ана тілі, – 2009 ж. – 24–30 желтоқсан. (№51 (992), 11-б.); Ақиқат, – 2010. – №8, –82–90 б.

А.М. Төлетбеков
ҚР Президенті Архивінің
Құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру
басқармасының бас сарапшысы

ТАРИХЫ ТҰЛҒАЛЫ МОЙЫНҚҰМ: АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ СЫР ШЕРТЕДІ

Қазақ даласының төрінде орналасқан, Бетпақдаланың аңызағының өтіндегі Мойынқұм ауданы Қазақстанның мал шаруашылығының аса маңызды саласымен айналысып, қолынан құрығын тастамай, ел мен жердің қасиетін саралай өскен тұлғаларымен көрікті. «Мал өсірсең, қой өсір, табысы оның көл-көсір» – дегенді қазақ халқы тегін айтпаған. Қой өсіру қазақ халқының ертеден келе жатқан ата кәсібінің бірі. Төрт түлік малдың ішінде жылқы мен қойға ерекше мән берген қазақ халқы Шопан ата түлігін жаю мен оны көбейту мен тұқымын асылдандырудың өзіндік әдіс-тәсілдерін қалыптастырған. Төрт түліктің шаруашылығына қолайлы табиғи ортаның мол болуы, соған орай қыстау, көктеу, жайлау, күзеумен байланысты көшпелі өмір салтының орнығуы қазақ халқының дәстүрлі қой шаруашылығын берік қалыптастырғандығының айғағы. Шынында еті бал, сүті шипа, жүні алтын қой өсірудің арқасында қазақ халқынан шыққан бірталай азаматтар абырой биігіне көтеріліп, еліміздің халық шаруашылығы тарихынан лайықты орындарын ала білген.

Жақсымызды қадір тұтып, ел үшін еткен еңбегін үлгі еткеннен ұтылған жеріміз жоқ. Өткенімізден тәлім алып, бүгінгі ұрпақ үшін аталған саланың жеткен жетістіктері мен жүріп өткен жолына, Мойынқұм өңірінің кеңестік дәуірдегі тынысына Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің құжатты деректік қоры негізінде тарихи шолу жасап өтуді жөн көрдік. Өз еңбектерімен осы кәсіптің абыройы мен даңқын асырып, мал шаруашылығына сүбелі үлес қосқан өлке – Мойынқұм жетістіктері туралы айтатын дүние ұшан-теңіз.

Қазіргі Мойынқұм ауданы орналасқан аумақ Көктерек ауданы деген атаумен 1963 ж. қаңтарға дейін Жамбыл облысының Оңтүстік Қазақтың өлкесіне қаратылуына байланысты таратылып, жерінің басым бөлігі Шу ауданының құрамына берілді. Алайда экономикалық тұрғыда бұл өкімшілік-аумақтық реформа аса нәтижелі бола қоймады.

КСРО Министрлер Кеңесі қой шаруашылығын одан ары өркендету мәселесіне зор маңыз бере отырып, 1964 ж. «Қазақ КСР-де қой шаруашылығын өркендету үшін шөл және шөлейт жайылымдарды игеру туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыны орындау – төменгі Шу мен Бетпақдаланы игеру арқылы, ол жерлерде қой шаруашылығымен айналысатын совхоздар ұйымдастыра отырып, оларға дұрыс басшылық жасау және тиімді жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасау үшін Мойынқұм ауданын қайта құру қажеттілігі туындады.

Сонымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1964 ж. 31 желтоқсандағы жарлығымен Мойынқұм ауданы құрылып, орталығы Фурмановка селосына орналасты. Құрамына 14 совхоз кірген, ауданның сол кездегі аумағы 72,1 мың шаршы километр болып, облыстың жер аумағының 50 пайызын құрады.

1964 ж. наурызда Қазақстан Компартиясы ОК мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі «Арта қалған колхоздардың экономикасын көтеру шаралары туралы» және «Қазақ КСР-де қой шаруашылығын дамыту үшін шөл және шөлейт жайылымдарды игеру туралы» қаулыларын қабылдап, қой шаруашылығын өркендетудің нақты шараларын бекітті. Іле-шала сол жылдың маусымында Жамбыл облыстық партия комитеті мен облыстық еңбекшілер депутаттар кеңесі атқару комитеті аталған қаулының орындалуы туралы тиісті құжат қабылдап, облыста бес қой өсіретін арнайы совхоз құруды жоспарлады. Аталған жылдары республика бойынша қой шаруашылығымен айналысатын совхоздар саны 502 болса, 1970 жылға дейін олардың санын кем дегенде 750–800-ге жеткізу міндеттелді. 1964 ж. басында республика бойынша ұйымдастырылып жатқан қой совхоздарының саны 34 болса, құрылыс барысында көптеген қиындықтарға кездесті. Жоғарыда келтірілген нормативтік құжаттар жалпы қой шаруашылығының реттелу жолдарына негізделген еді. Мойынқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы [?] Назарбековтың Жамбыл облыстық партия активінің жиналысында жасаған баяндамасында көрсетілгендей, ауданның басты мақсаты – Шу өзенінің төменгі

ағысы мен Бетпақдаланың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өңірді, соның ішінде қой шаруашылығын тиісті деңгейде өркендетіп, өлкені мол табысты шаруашылықтармен толықтыру, сонымен қатар, аудан көлемі 1 миллионға дейін қой отарларын ұстауға әлеуетті болған. Тіпті 1965 ж. аяғына дейін қой басы санын 3,27 миллионға жеткізу көзделген.

1965 ж. 12 мамырда Жамбыл облыстық партия комитеті бюросының «Мойынқұм ауданының даму мүмкіндіктері туралы» шешімімен қой шаруашылығын дамыту мақсатында ауданның шөл және шөлейт аумақтарын оңтайлы пайдаланылуына зор маңыз бере отырып, келешек дамуының мүмкіншіліктерін анықтау үшін арнайы жұмыс комиссиясы құрылады.

Аталған мерзімде жыл сайын одақтық, республикалық, облыстық және аудандық деңгейлерде көптеген заңнамалық актілер жарыққа шығарылып, саланың өркендеуіне жанжақты жағдайлар жасалды. Өз кезегінде республика, облыс және аудан басшылары партия конференцияларында, пленумдарда және т.б. жиын-кеңестерде қой шаруашылығы саласының даму үрдістері, кездескен қиындықтары мен жеткен жетістіктері жөнінде міндетті түрде есеп беріп отырған.

ҚР Президенті Архивінің сақтау қорында қой шаруашылығының даму үрдісі бойынша статистикалық мәліметтер де кездеседі. Дәлірек айтсақ, Қазақ КСР Орталық статистика басқармасының мәліметі бойынша, мысалы, 1966 ж. қой мен ешкі басының саны – 32,4 млн, 1974 ж. – 34,6 млн, 1979 ж. – 34,1 млн, 1983 ж. – 36,6 млн және де бұл көрсеткішті 1990-жылдарға қарай 50 миллионға жеткізу міндеттелген еді.

Деректер көрсетіп отырғандай Жамбыл облысының, оның ішінде Мойынқұм ауданының көрсеткіштері үнемі алдыңғы қатарда болғандығын архив құжаттары дәлелдейді. Мойынқұм ауданы бойынша мал шаруашылығында көрсеткен үздік көрсеткіштері үшін Ж. Қуанышбаевпен қатар Д. Итбасова, Ш. Шәріпбаев, С. Көшекөв, Қ. Біртаев, Ә. Жапаров, Ш. Тайбағаров және т.б. сынды ауыл шаруашылығы озаттары мемлекеттік марапаттарға ие болған.

1965 ж. бастап қой шаруашылығы оның ішінде қаракөл елтірісін дайындауды дамыту шаралары да қатар жүзеге асырыла бастады. Жамбыл облысы бойынша қаракөл шаруашылығымен айналысатын Мойынқұм және Бетпақдала шөлдері жерлерін пайдаланатын негізгі үш аудан Мойынқұм, Талас және Сарысу аудандары еді. 1965 ж. Д.А. Қонаевтың КОКП ОК-не жолдаған хаты бойынша Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінде Қаракөл шаруашылығы басқармасы құрылып, қойдың осы түрін өсіретін облыстар Шымкент, Жамбыл, Қызылорда және Гурьев облыстық ауыл шаруашылық басқармаларында Қаракөл шаруашылығы бөлімдерін ашу жоспарланып, ол 1968 ж. жүзеге асырылған.

1969 ж. Жамбыл қаласында Қазақтың қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бөлімі ашылып, облыстық деңгейде қаракөл қойы тұқымының даму ерекшеліктерімен, селекциялық-тұқым асылдандыру жұмыстарының әдістерін және өсіру технологиясын зерттеумен айналысты.

Біріншіден, осы шаруашылықтарды жүргізіп отырған еңбекшілердің еңбегінің жемісі ретінде 1985 ж. қарай Қазақстан одақтық республикалар арасынан қаракөл шаруашылығының көрсеткіштері бойынша бірінші орынға шықты. Осы тұста архивтік деректер негізінде статистика мәліметтерін келтірсек, 1963 ж. қаракөл қойының басы 2,6 млн, қаракөл елтірісін өндіру 1,2 млн дана көрсеткіш, ал 1985 ж. басында бұл көрсеткіш тиісінше, 5,7 млн және 2,6 млн дана көрсеткішке жеткен.



Кеңестік, партиялық билік жүйесінің салаларына сай мал шаруашылығына да жас-тарды тарту комсомол ұйымдары арқылы жүзеге асырылды. Сол кездегі КОКП ОК-нің Бас хатшысы Л.И. Брежнев Алматыда өткен тың игерудің 20 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте зор және жауапты міндет ретінде таяу жылдары Қазақстандағы қой санын 50 миллионға жеткізу мақсатын алға қойды. Республикада қой шаруашылығын жедел қарқынмен одан ары дамыту үшін еңбекті ұйымдастырудың жаңа прогресті түрлерін ойластыру қажеттілігі туындап, өскелең өмір талабына сай қой шаруашылығының өнімділігін арттыру, шопан мамандар мәселесін шешудің, өндіріс мәдениетін арттырудың бірден-бір жолы жаңа ұжымдық еңбек тәсілі, шопандардың комсомол-жастар бригадаларын құру қолға алынды. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы «Айдарлы» совхозында «Сұңқар», «Шалқар», «Тұлпар», «Шұғыла» бригадалары құрылған. Шопандарға тигізген қолқабыстығы зор болған жастар, өз беттерімен 2500-ге дейін қойды үш-төрт отарға бөліп, бағып-күткен. Республикамыздың әр жерлерінде көрсеткен белсенділіктері мен жеткен жетістіктері үшін Қазақстан ЛКСМ ОК мен Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыспалы Қызыл Туы және ақшалай сыйлықтармен марапатталып отырған. Тіпті, сол кезеңдегі ауыл жастарын жоғары оқу орындарына түсу үшін 2–3 жыл осы іспеттес бригадаларда жұмыс жасауға міндеттеген көрінеді. Десекте, еңбекті тиімді ұйымдас-тырудың аталмыш тәсілі қой шаруашылығында жоғары жетістіктерге қол жеткізуге зор септігін тигізгендігін атап көрсету қажет.

Республиканың, облыстың одан бері ауданның қой шаруашылығында көрсеткен жоғары көрсеткіштері қарапайым еңбекшілердің тікелей үлесінсіз мүмкін болмас еді. Бұл ретте үстіміздегі жылы туылғанына 120 жыл толып отырған қазақтың қасиет қонған шопаны, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев және 100 жылдық мерейтойы келіп жеткен соғыс және еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкер Әлкен Жапаровты атап өтеміз.

Жайдары мінезді, жарқын жүзді «Жаз-ата» атанған, «Дала академигі», «Малшылардың маршалы» деп есептелген, бүкіл ғұмырын ақтылы қой өсіруге арнаған, Мойынқұмның гүлденіп, көркеюіне үлкен үлес қосқан – Жазылбек Қуанышбаев. Ол жарты ғасырдай адал еңбегімен шалғайда жатқан ауданның атын аспандатып, мерейін көтерді. Оның даңқы кешегі Одақ көлеміне дейін белгілі болып, ауылы мен ауданы ғана емес, барша қазақстандықтардың мақтанышына айналды. Қашанда, қай жерде болсын Мойынқұм десе ілкі сәтте тек Ж. Қуанышбаевтың есімі еске түсетіні де сондықтан.

40-шы жылдардың басында Қазақстанда қаракөл қойын өсіру қолға алынғанда, тұғырлы тұлға алғаш айналысқандардың бірі еді. Аға шопанның, әсіресе, соғыс кезіндегі еңбегі елге ерекше үлгі болды. Сол шақта ол қаракөл қойының басын өсіріп, оны асылдандыру, өнімділігін арттыру жолында аянбай жұмыс істеп, көптің көзіне ілінді. Алапат соғыс аяқталған соң да абыройлы ісімен алға шығып, жұмысын жақсы жалғастырды. Нәтижесінде 1948 ж. кеудесіне алғашқы Алтын жұлдыз тағылып, Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Осыдан кейін де оның табысты еңбегі мен жемісті ісі көбейіп, елін сүйген ардақты азамат жаңа бел-белеске көтеріле берді. Араға он жыл салып, 1958 ж. екінші рет Социалистік Еңбек Ері атанды. Жаны жақсылыққа жақын Жазекен сол тұста әр жүз саулықтан 140–145-ке дейін қозы алып, әрбір қойдан 4 келіге дейін жүн қырқыпты. Жалпы, мал баққан жылдар мұғдарында оның алдынан ондаған мың қой мен қозы өріп, қыруар елтірі мен жүн, ет өндірілген. Малың үнемі үкілеп күтіп, аман сақтап отырған.

Оның қаракөл қойлы отарынан орнықты еңбекпен өсіріліп, өндірілген көзді жаулап, талайды тамсандырған елтірілері Дели, Бухарест, Познань, Нью-Йорк жәрмеңкелері мен аукциондарында өте жоғары бағаланған.

Ақсақал 1963 ж. зейнеткерлікке шықса да байыз тауып, қол қусырып отыра алмады. Өйткені, бүкіл өмірі еңбекпен өрілген, бар ғұмырын малға арнаған оның шау тартса да шаруаға қарай бүйрегі бұрыла берді. Көп ұзамай сүйікті кәсібін қайта оралды, бұл кезде де өзгелерге өнеге боларлықтай көп іс тындырды. Ал, дербес зейнеткер атанғаннан бастап Қазақ КСР ауылшаруашылығы министрлігінің қой шаруашылығы жөніндегі қоғамдық негіздегі инспекторы міндетін атқарып жүрді.

Мойынқұм жеріне еңбегі сіңген тағы бір тұлға соғыс және еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкер Әлкен Жапаров болатын.

1939 ж. басталған Фин соғысына қатысқан Ә. Жапаров 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысының қанды қасабына бастан-аяқ қатысып, 1946 ж. ғана әскер қатарынан босатылады. Әскери шинелін қазақы күпіге ауыстыра сала, халық шаруашылығын көтеруге білек сыбана кіріскен Әлекең Мойынқұм топырағындағы колхоздың мал дәрігері қызметінен бейбіт еңбек жолын бастады. 1953 ж. дейін Жамбыл атындағы колхоз төрағасының орынбасары, 1953–1957 жж. Карл Маркс атындағы ұжымшар төрағасы, 1957–1978 жж. Фурманов атындағы қой шаруашылығы совхозында ферма меңгерушісі болып еңбек етті. Өлкен Жапарұлы еңбектегі жетістіктері үшін Ленин, Октябрь революциясы ордендерімен марапатталды.

1976 ж. Ә. Жапаров құрметті демалысқа шығып, Қазақ КСР-ның дербес зейнеткері атағы берілді. Бірақ зейнетке шыққанына қарамастан ақсақал еңбектен қол үзбеді, мол тәжірибесін жастарға үйретіп, ата кәсібі жолындағы абыройлы қызметін жалғастырды.

Тынымсыз еңбекқор, білгір ұйымдастырушы, өз ісінің асқан шебері бола білген Ә. Жапаров ауыл-аймағы мен үлкен-кішіге сыйлы әрі құрметіне бөленген еді. Еңбек жолын қарапайым колхозшыдан бастаған Әлекең өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын және талапшылдығы тек қатаң талап етумен шектелмейтін. Өзі басқарған ұжымда еңбекті сауатты ұйымдастыра білгендіктен, қарамағындағы еңбекшілер тарапынан ешбір шағым болмайтын. Осындай қамқоршылары бар малшылар да аянбай еңбек етіп, айтулы жетістіктерге қол жеткізе білді. Ферманы Әлекең басқарған жылдары қой санын 30 мыңға жеткізіп, жыл сайын орта есеппен әр жүздіктен 140–150 бас қозы алып отырды.

Соғыстан кейінгі қысқа ғана 40 жыл ғұмыры Ә. Жапаров үшін де, жерлестері үшін де абыройға ие бола білген кезеңге айналды. Әскери «Қызыл Жұлдыз», II және III-дәрежелі «Даңқ», Қазан төңкерісі, Ленин ордендерімен, бірнеше медальдар мен белгілерді иемденді. Сол кездегі республикамыздың ең жоғарғы марапат белгісі – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасына және «Қазақстан ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер» атағына ие болды.

Соғыста үш рет алған ауыр жарақатына да, Мойынқұмның өзгеше табиғатына да қарамай, саналы ғұмырын адал еңбекке арнап, бейбіт өмірдің бағасын ұрпаққа аманаттаған абзал тұлға Өлкен Жапарұлы 71 жасында дүниеден озды.

Бүгінгі қос мерейтой иесін өзара жақындастыратын тағы бір әсерлі тарихи жәйтке назар аудартқымыз келеді. КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты Ж. Қуанышбаев бірде Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласында болып, Эрмитаждан қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының бас батыры, белді қолбасшыларының бірі – Ағыбай батыр Қоңырбайұлының орыс офицері қарындашпен салған суретін алғаш рет елге алып келеді. Аталмыш игі ісі үшін және халқының тарихи құндылықтарын қастерлеп өткен тұлғаға, кезінде Д.А. Қонаев өз тарапынан алғыс айтып, жаңа көлік сыйлапты. Уақыт өте келе, Ә. Жапаровтың ұлы Барыс Әлікенұлы Жапаров белгілі суретші Х. Қиқымовқа Ағыбай батырдың бейне суретін өңдетіп, қайта салғызады, қазіргі таңда батырдың ресми суреттері аталған портреттің негізінде орындалуда.

Өскелең ұрпақ бойында отансүйгіштік асыл қасиеттерді сіңіру, туып-өскен атамекеніне деген құрмет мен жауапкершілікке баулу және еліміздегі архив қорларының әр алуан құжаттық деректемелерін кеңінен насихаттау мақсатында, ҚР Президентінің Архиві Жамбыл облысы әкімдігінің Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және оған қарасты мекемелерімен бірлесіп, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өту шаралары аясында, Мойынқұм ауданында ағымдағы жылдың 13 мамырында «Жер тарихы – Ел тарихы» атты өлкетанулық тарихи-құжаттық көрме және дөңгелек үстел өткізді. Көрме және дөңгелек үстел Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың 120 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Шежіре – Тарих өз болмысын тізбектелген хроникалармен ғана емес, оның жандылығын сездіртер тұлғалардың әлеуметтік іс-әрекеттерімен адамзат ұрпағына мойындатып берді. Бұл қазақ тарихына да қатысты. Оның үстіне ғасырларға созылған бодандықтың зардабы ата тарихтың «ақтаңдақ» беттерін көбейткенін ұмытпағанымыз жөн.

Еліміздің тарихын жаңғырту, оның тағылым мен тәлімге толы кезеңдерін түгендеу тұтас қоғамның бірлігімен ғана жүзеге аспақшы. Осы орайда, ҚР Президенті Архивінің мол құжаттық деректемелік қорлары өз зерттеушілерін күтуде екендігін қаперге саламыз. Біздің мақсат – осы бағыттағы ізденістерге серпін туғызып, қозғау салу.

// Ақжол. – 2016. – 13 мамыр.

*Е.В. Чиликова,
и. о. руководителя Управления
научной публикации документов Архива Президента РК*

СУДЬБА АЛИХАНА: СТАТЬ ТАКИМ, КАК СТАЛ

Волею судьбы Алихан Букейханов стал очевидцем и участником таких событий и процессов, проходивших в Великой степи, как усиление колониального гнета, массовые переселения российского крестьянства, захват земель казахских родов путем проведения административных реформ, формирование на фоне протеста народных масс казахской политической элиты, восстание 1916 г., Первая мировая и гражданская войны, революции 1917 г., годы «большого террора».

Алихан, потомок султанской семьи Каркаралинского у. Семипалатинской обл., образование по сложившейся традиции получил в аульной кочевой школе, затем продолжил учебу в Каркаралинской 3-х классной русско-казахской школе. В книге С. Букейханова [1] приводится семейная легенда, по которой учебное заведение Алихана посетил Степной генерал-губернатор Г.А. Колпаковский. На встрече с учениками чиновник предложил учащимся решить задачу, измерив расстояние между Омском и Каркаралинском «в колесах арбы», – самого ходового вида транспорта в те годы. Алихан оказался смысленнее других. В качестве поощрения от губернатора, одной из обязанностей которого была забота о просвещении и благосостоянии казахов, юноше была дана рекомендация для дальнейшей учебы.

Его направили в Омское училище, готовившее кадры для Сибирской железной дороги. После Каркаралинской школы, помимо отличных оценок в аттестате, Алихан дополнительно получил навыки сапожного мастерства, после технического училища – железнодорожного рабочего. Жажда знаний вела А. Букейханова к постоянному движению вперед, молодой человек «изъявил желание» поступить в Санкт-Петербургский лесной институт, и уже директор Технического училища ходатайствовал перед Каркаралинским уездным начальством о стипендии для своего ученика «ввиду весьма отличных его успехов и безупречного его поведения» [2].

У отца Алихана было пять детей, при равных возможностях блестящее образование получил только он один – до шести лет, не промолвивший ни слова, обычный аульный мальчуган, обожавший игру в асыки, подменявший в ночном уставших пастухов, ловкий охотник, защитник юных дев от жестких порой шуток своих сверстников. Кто-то подумает судьба, кто-то – везение, другие отметят усердие и трудолюбие юного Алихана.

В семье молодому человеку дали ориентиры, без которых невозможно преодоление жизненных трудностей и дальнейший духовный рост, стремление к новым знаниям пришли по душе наставникам и учителям, чья поддержка сыграла положительную роль в формировании лидера будущего казахского правительства Алаш-Орда.

После окончания института Алихан Нурмухамедович преподавал математику в Омском лесохозяйственном училище, сотрудничал в газетах «Степной край», «Степной листок», «Семипалатинский листок», в последнем опубликовал некролог на Абая, дав одним из первых развернутую характеристику творчества поэта и мыслителя Великой степи.

Большую роль на формирование Букейханова как этнографа сыграло его вступление в Западно-Сибирское отделение Императорского русского географического общества, где собралась плеяда ученых и общественных деятелей разных национальностей. В 1890-х гг. занимался обследованием Каркаралинского уезда, в течение ряда лет сотрудничал в экспедиции по исследованию природы и экономики северо-восточных и центральных областей Казахстана, затем – Сибири. Итогом научной деятельности стала публикация в 1903 году раздела «Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» в Санкт-Петербургском альманахе. Кроме того А. Букейханов собирал по крупницам народные сказания, занимался их переводами и изданием: «Женщина по киргизской былине», «Кобыланды» и др.

Алихан Нурмухамедович становится специалистом по земельным и переселенческим вопросам. В свою очередь, полученные знания сыграли не последнюю роль в формировании его политического мировоззрения.

В 1905–1906 гг. А. Букейханов принимает участие во всевозможных манифестациях и съездах: мусульманских, учредительных Конституционно-демократической партии в Москве и Уральске, земских и городских деятелей России и др. Он высказывает свои соображения по национальному вопросу, о свободе употребления родного языка, вероисповедания, принятия либерального закона о выборах. Дискуссии на региональных собраниях сочувствующих показали, что в Великой степи появилась новая политическая элита.

Основное внимание в своих статьях и выступлениях Алихан Нурмухамедович уделял таким проблемам казахского общества, как земельная, настаивал на изучении специфики кочевого хозяйства и определении эффективных мер по оседанию казахов, описал хищнические приемы деятельности горнопромышленников, интересовался состоянием переселенческой политики правительства. Самостоятельность суждений и их критическая направленность, неприятие А.Н. Букейхановым колониционной политики правительства не могли оставаться незамеченными [3].

В январе 1906 г. он был арестован по определению жандармерии «как руководитель киргизского (казахского) политического движения», от суда Алихана Нурмухамедовича спас статус кандидата в депутаты Госдумы. В 1907 г. он был арестован вторично, приговорен к трем месяцам тюрьмы и впоследствии выдворен за пределы родного региона за подписание воззвания с предложением народу в качестве ответной меры на разгон I Государственной Думы отказаться от уплаты налогов и поставки рекрутов.

Несколько позже в переписке Семипалатинского и Степного губернаторов появляются сведения о принадлежности А. Букейханова, А. Байтурсынова и Ж. Акпаева к группе «имевшей в основе вселить в киргизскую (казахскую) массу неудовольствие против правительства».

Вскоре и Б. Каратаев вслед за представителями власти подтверждает значимость фигуры А. Букейханова для судеб казахского общества: «...Я тебя уважал, когда ты был студентом за твои убеждения... Киргизы разорены до неузнаваемости, а интеллигенция их, при всей любви к своему народу, не хочет работать солидарно или слишком завистливо относится к деятельности друг друга... Один ты, по-моему, заслужил расположение народа» [4].

Находясь в административной ссылке в Самаре в 1908–1915 гг., Алихан Нурмухамедович трудился служащим в банке, занимался научно-просветительской деятельностью, сотрудничая с Семипалатинскими и Петербургскими средствами массовой информации. С 1913 г. – один из ведущих авторов общественно-политической и литературной газеты «Казах», организатором и редактором которой стал его соратник Ахмет Байтурсынов. Издание, учрежденное в Оренбурге, благодаря поддержке интеллигенции быстро набрало популярность и стало мощным толчком для формирования национального самосознания.

В 1916 г. произошел первый серьезный раскол в той части общества, которая могла стать лидирующей: казахская интеллигенция разошлась в оценках царского Указа о мобилизации т. н. «туземного населения» на тыловые работы. А. Букейханов и его единомышленники поддерживали Указ, увидев возможность формировать из казахских джигитов кавалерийские соединения наподобие казачьих войск, С. Сейфуллин, У. Джандосов, А. Джангильдин и другие открыто выступили против. В свое время в освещении проблемы деятельности, вставших в годы Первой мировой войны на сторону государства в национально-освободительном движении 1916 г. в связи с их видением восстания как «ненужным и лишним кровопролитием» было допущено немало искажений, с навешиванием на алашевцев ярлыков «предателей народа», «слуг самодержавия». В конце 1990-х гг. прошлого столетия составительский коллектив Института истории и этнографии им. Ч. Валиханова и Архива Президента РК издали документальный сборник в 2-х томах «Грозный 1916-й год», посвященный истории национально-освободительного движения. Публикуемые документы показывают отношение к происходящим событиям Букейханова и его соратников, осмысление ими причин и процесса восстания, подтверждают их бескорыстную работу во благо тыловиков в 1916–1917-е гг. как создателей инородческого отдела «Земгорсоюз».

Немало усилий, после жестокой расправы с восставшими Алихан Нурмухамедович приложил к проведению съезда представителей казахского населения Тургайской, Акмолинской, Уральской, Семипалатинской и Семиреченской областей, предложившего меры по предотвращению дальнейшего ухудшения положения. Инициативы А.Н. Букейханова и его единомышленников в случае их принятия могли снять напряжение в обществе.

Несмотря на объективные и субъективные трудности, как отмечает историк Д.А. Аманжолова, представители будущего движения Алаш приобрели в 1916 г. значимый политический опыт, получили стимул для развития своей идейно-политической платформы и самоопределения. Открытое выражение национально-демократических интересов к осени 1917 г. привело к организационному оформлению партии «Алаш» [5]. Основные лозунги партии Алихан Букейханов изложил в телеграммах: создание демократической федеративной республики, право на собственность земли скотоводам и земледельцам. 21 ноября 1917 г. газета «Казах» опубликовала программу партии «Алаш». По своей структуре документ соответствовал конституциям многих европейских государств. В нем отмечалось, что «Казахская автономия может составить единое образование вместе с другими заинтересованными в этом народами, а если нет, то с самого начала может стать самостоятельной единицей». Тогда же был организован Временный народный совет Алаш-Орда из 25 членов, при этом 10 мест предоставлялось народам, проживающим среди казахов. Проект отражал такие идеи как разделение государственной власти на три ветви, всеобщий характер выборов и т. п. По данному периоду деятельности Алихана Нурмухамедовича и его сподвижников значительный фактический материал собран в документальном сборнике, подготовленном составительским коллективом Архива Президента РК и Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова «Движение Алаш» (в 5-ти книгах) под редакцией профессора М.К. Койгелдиева.

Весной 1919 г. движение Алаш потерпело поражение. Лидеры казахской интеллигенции прилагали немало усилий для достижения компромисса с советским руководством в надежде получить национальную автономию в рамках федерации. Большевики в отношении лидеров движения – вчерашних противников за власть – придерживались двойственной позиции. В первое время, испытывая потребность в специалистах, они проявили готовность сотрудничать с алашевцами. А. Букейханову, А. Байтурсынову и другим участникам движения была предоставлена возможность работать в государственном аппарате, органах средств массовой информации и системе образования [6].

Алихан Нурмухамедович в октябре 1920 г. был избран делегатом на I Всеказахский съезд Советов, но, следуя документам, отложившимся в Архиве Президента РК, за два дня до начала съезда его мандат был опротестован на заседании облбюро РКП (б). А.Н. Букейханова трудоустроили в республиканский Наркомат земледелия.

Курс на сотрудничество с алашевцами не получил должной поддержки в среде зарождающейся казахской партийной элиты, которые видели в их лице конкурентов. На основании анализа документов Архива Президента РК, можно констатировать, что среди руководства республики существовали различные взгляды на пути построения нового общества. Практически с самого начала государственного строительства Казахской автономии в документах идет речь о группировочной борьбе среди руководства Казахстана, что также отмечается в работах К. Нурпеиса, М. Койгелдиева и др. Например, в сводках и обзорах ГПУ за 1922 г. упоминается, что «главой всех их и идейным руководителем является Алихан Букейханов, инструкциям которого слепо подчиняется его неразрывный ученик Ходжанов», также фигурируют группы под руководством Т. Рыскулова, С. Мендешева. По сведениям, полученным из документальных источников КНБ Республики Казахстан, Алихан Нурмухамедович призывал молодежь, подверженную идеям «Алаш» войти в доверие к новой власти и посредством этого служить национальным интересам.

Фрагменты к биографии А.Н. Букейханова и его соратников советского периода исследователь может почерпнуть из источников, опубликованных Архивом Президента РК в документальных сборниках «Политические репрессии в Казахстане». Алматы, 1998, «История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков». Алматы, 2005, «Наркомы Казахстана». Алматы, 2007, «Чрезвычайный комиссар: к 125-летию А. Джангильдина». Алматы, 2009, «Асфендияр Кенжин». Алматы, 2014 и др.

Пойдя на соглашение с Советами, А. Букейханов окунулся в политическую жизнь, по которой катилась новая волна террора. Правящие круги прокладывали путь к диктатуре, доведенный до отчаяния народ вновь взялся за оружие, и весной 1921 г. в Казахстане запыхал пожар антисоветских восстаний.

Разочарование Советами было настолько велико, что Алихан Нурмухамедович принимает для себя решение отойти от активной общественной деятельности. Однако власть, как свидетельствуют документы, настораживали его харизма и популярность среди населения и соратников. Единственным выходом ослабления его роли на политическом олимпе, как и прежде, оставалась полная изоляция. По решению Ревкома с 1922 г. Алихан Нурмухамедович вынужден был проживать в Москве, где вернулся на путь научных изысканий, обретая ненадолго спокойствие перед лицом очередных превратностей.

В июне 1937 г. А. Букейханов был арестован по обвинению в связях с пантюркистскими центрами в Москве и Казахстане, спустя три месяца Военная коллегия Верховного Суда СССР вынесла приговор о расстреле...

Жизненный путь Алихана Букейханова пришелся на смутное время. Но по распоряжению судьбы именно он возгорелся на небосклоне Казахстана в начале XX в. как пассионарий, настроенный на восстановление духовности и создание суверенной автономии, поставив на службу идейной борьбе свою колоссальную популярность. Как бы ни преобразался впоследствии мир, ценности, привитые Алихану в семье, гарантировали уверенность в однажды выбранном пути на благо народа. Подобные Букей-Ханову-Нурмухамедову Али-Хану, прошедшие отмеренную им участь, не изменяя идейно-политическим и духовно-нравственным устоям, открывают светлую дорогу потомкам.

Использованная литература и источники:

1. Букейханов С. Нельзя о прошлом позабыть. – Алматы, 2002. – 147 с.
2. Хасанаев М. Букейханов в Омске // Казахстанская правда. – 2000. – 19 августа – С.3.
3. Аманжолова Д. Из истории политической деятельности А.Н. Букейханова в Степном крае / Проблемы этнической истории тюркского населения Западной Сибири. Сб. науч. тр. Астана: Мас-тер-ПО, 2012. – С.21–28.
4. Письмо султана Б.-Д. Каратаева А. Букейханову о путях решения в Казахстане земельного вопроса /Алаш қозғалысы – Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. – Алматы: Алаш, 2004. – С.86
5. Алашорда: Фотоальбом. Өңделіп толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Орхон баспа үйі, 2012. – С. 14.
6. История Отечества в судьбах его граждан: сборник автобиографий. 922–1960 годы. Т.Х. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – С.468–469.



А.М. Төлетбеков
ҚР Президенті Архивінің
Құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру
басқармасының бас сарапшысы

13 ҚАҢТАР – М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Қазақ Мемлекеттік М. Әуезов атындағы академиялық драма театры – тұңғыш ұлттық мәдени-сахналық мекеме. 1925 ж. соңында сол кездегі астана Қызылордада ұйымдас-тырылды. Театр шымылдығы ресми түрде 1926 ж. 13 қаңтарда Қ. Кемеңгеровтің «Алтын сақинасымен» және халық өнерпаздары қатысқан үлкен концертпен ашылды.

Ұлт театры туралы келелі ұсыныстар жасап, даму жолы, шығармашылық келбетін дұрыс айқындаған қайраткер С. Сәдуақасов, алғашқы директоры әрі көркемдік жетекшісі Д. Әділов болды. 1926 ж. 5 қазанда театр басшылығына Ж. Шанин келді, ол театрдың шығармашылық қалыптасуына көп еңбек сіңірді. 1929 ж. театр труппасы жаңа астана Алматыға қоныс аударды.

1937 ж. 27 ақпанда академиялық театр атағын алды. 20 жылдығына орай 1946 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен, ал 50 жылдығына 1976 ж. Халықтар достығы орденімен марапатталды. Театрға 1961 жылы жазушы, драматург М.О. Әуезовтің есімі берілді.

2006 ж. театр 80 жылдық мерейтойының қарсаңында Ә. Әмзеулының «Қара кемпір», Қ. Ысқақтың «Қазақтар» атты жаңа қойылымдарын дайындады.

Соңғы жылдары театр Қазақстан және таяу шетелдерге жиі гастрольдік сапармен барып тұрады. Иран, Франция, Египет, Корея, Түркия елдерінде, Түркі елдері театрларының «Туғанлық» (Уфа, Башқұртстан) II халықаралық, сондай-ақ Қазақстан мен Орталық Азия театрлары халықаралық фестивальдарына қатысты. 1995 ж. бері жыл сайын жаңа қойылымдарының «Театр көктемі» атты фестивалін өткізеді.

ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 10596 іс. 184 б.; 708-қ. 10-т. 156 іс. 105 б; auezov-teatr.kz

13 ЯНВАРЯ – 90-ЛЕТИЕ СО ДНЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АКАДЕМИЧЕСКОГО ТЕАТРА ДРАМЫ ИМ. М. АУЭЗОВА

Организован в конце 1925 г. в Кызыл-Орде, которая была на тот момент столицей Казахстана. Театр открылся 13 января 1926 г. пьесой «Алтын сақина» («Золотое кольцо») Кошке Кемеңгерова в постановке Сералы Кожамкулова и концертом народных исполнителей.

В становление театра внес вклад С. Садвакасов. Первым директором и художественным руководителем был Д. Адилов. 5 октября 1926 г. театр возглавил Ж. Шанин. В 1929 г. с переносом столицы в Алма-Ату туда же был переведен и театр.

В 1937 г. театру присвоено звание академического, в 1961 г. – имя Мухтара Ауэзова. К 20-летию театр наградили Орденом Трудового Красного Знамени (1946), к 50-летию – Орденом Дружбы народов (1976).

80-летие театр отметил премьерой постановок «Қара кемпір» (А. Амзеулы) и «Қазақтар» (Қ. Ыскак).

С 1995 г. является организатором фестиваля «Театр көктемі». Побывал с гастрольями в Иране, Франции, Египте, Корею, Турции, участвовал во II фестивале театров тюркоязычных стран «Туғанлық» (Уфа, Башкортостан) и в Международном фестивале театров Средней Азии и Казахстана.

АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.10596. Л.184; Ф.708. Оп.10. Д.156. Л.105; auezov-teatr.kz

**25 НАУРЫЗ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ,
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ, ПУБЛИЦИСТ,
ҒАЛЫМ, АУДАРМАШЫ ӘЛИХАН НҰРМҰХАМЕДҰЛЫ БӨКЕЙХАНОВТЫҢ
ТУЫЛҒАНЫНА 150 ЖЫЛ**

Әлихан Бөкейханов

Әлихан Бөкейханов 1866 ж. 25 наурызда Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының № 7 ауылында дүниеге келген. Бала кезінен зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыдағы молданың қолына оқуға берген. Бірақ ол оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879–1886 жж. Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886–1890 жж. Омбыдағы техникалық училищесінде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

1890–1894 жж. Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетін бітіргеннен кейін Омбыға барып, Орман шаруашылығы институтына математика пәнінен оқытушы болып орналасады. «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, редакция алқасы құрамына кіреді. 1896–1903 жж. Щербина экспедициясына қатысқаннан кейін Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарасы өзгеріп, қазақ даласын отарлау саясатына білек сыбана кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін әуелі бүкіл қазақ халқының басын біріктіруді мақсат етті.

Осы жылдары Ә. Бөкейханов қоғамдық саяси қызметтермен белсенді айналысып, патша өкіметі тарапынан қудалауға да түсті. 1908 ж. Самараға жер аударылып, 1909–1917 жж. Дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істеді.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Ә. Бөкейханов зор еңбек сіңірді.

1917 ж. 15 ақпанда I дүниежүзілік соғыстағы қара жұмысқа алынған қазақ, қырғыз, өзбек т. б. азаматтарына көмек көрсету мақсатында Минскіде құрылған Бұратаналар бөлімінің бастығы қызметін атқарды. 1917 ж. наурызда Уақытша үкіметтің Торғай облысының комиссары және Түркістан комитетінің мүшесі қызметіне тағайындалды. 1917 ж. Ә. Бөкейхановтың жетекшілігімен I жалпықазақ съезі өткізілді және «Алаш» партиясы құрылды.

1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынборда қазақ мемлекеттілігі туралы туралы мәселе қараған жалпы қазақ съезі Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың бастамасымен болып өтті. Съезд қазақ облыстарын бүліншіліктен сақтау үшін «Ұлт кеңесін» құрып, оның атауы «Алашорда» болсын деді. Осы үкімет сол кезеңде Кеңес үкіметіне қарсы күрескен болатын. 1919–1920-жж. жеңіліске ұшырағаннан кейін, кеңес үкіметі кешірім жариялаған. 1920 ж. Қазақ АКСР Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 ж. Ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты (Мәскеуде) жанындағы Орталық баспаның ғылыми қызметкері, 1926–1927 жж. Ресей Ғылым академиясының ғылыми қызметкері болды. Осы жылдардан бастап қудалауға ұшыраған Ә. Бөкейхановты 1937 ж. 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы сотының негізсіз үкіміне сай ату жазасына кесіледі. 1989 ж. 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

18 қарашада ЮНЕСКО-ның Парижде өткен Бас конференциясының 38 сессиясында Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойланатыны жария етілді.

ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 13а-іс. 4-п.; 708-қ. 31-т. 218-іс. 277-п.; Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Ф. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 108–114 б.

25 марта 2016 г. – 150-летие со дня рождения государственного и общественного деятеля Казахстана, лидера движения Алаш, публициста, ученого и переводчика Бокейханова А.Н. – эта дата по постановлению, принятому 18 ноября 2015 г. на 38-й сессии Генеральной конференции ЮНЕСКО отмечается под эгидой ЮНЕСКО.

**17–27 МАМЫР – ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІНІҢ МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ
1-ШІ ОНКҮНДІГІНІҢ ӨТКЕНІНЕ 80 ЖЫЛ**

Қазақстан мәдениеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігі республиканың мәдени өміріндегі атаулы оқиға болды.

Онкүндікті ұйымдастыру үшін Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов басшылық еткен және құрамында [А.] Жұбанов, [Ғ.] Тоғжанов, [?] Қадырбаев, [Т.] Байбосынов, [А.] Утекин, [А.] Ненашев бар арнайы комиссия құрылады.

Осы комиссия ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді Кеңес мемлекетінің астанасында көрсету үшін үш жүз адамды таңдалып алынып, олар 1936 ж. 4 мамырда арнайы пойызбен Алматыдан Мәскеуге жолға шықты. Онкүндіктің алғашқы күндерінен бастап, «Правда» және «Известия» сынды орталық газеттер шара барысын хабарлап отырды.

Онкүндік 1936 ж. 17 мамырда «Қыз Жібек» спектаклімен бастау алды және мерзімді басылымдар жоспарланған барлық шаралардың соңғы күніне дейін жоғары баға беріп отырды, ал көрермен қазақ халқының өнері мен мәдениетіне тамсанумен болды.

Онкүндіктің қысқаша хроникасы:

10 мамыр – қатысушылардың Мәскеуге келуі.

16 мамыр – Үлкен академиялық театр филиалының ғимараттарында көрменің ашылуы.

17 мамыр – Онкүндіктің ашылуы. «Қыз Жібек» спектаклінің көрсетілімі.

18 мамыр – «Жалбыр» спектаклінің көрсетілімі. Қазақ эпосы мен әдебиетіне арналған, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, А. Тоқмағамбетов, Ө. Тәжібаев және т. б. шығармаларынан үзінді келтіріліген үлкен радиохабардың ұйымдастырылуы.

19 мамыр – «Қыз Жібек» музыкалық пьесасының екінші рет көрсетілімі.

22 мамыр – «Жалбыр» спектаклінің екінші рет көрсетілімі.

23 мамыр – қазақ халықтық музыкасы, әндері мен биінің қорытынды концерті.

24 мамыр – қазақ әртістерінің Мәскеудің жұмысшы клубтары мен саябақтарында өнер көрсетуі.

25 мамыр – Қазақстан әртістерінің мәскеулік өнер қайраткерлерімен кездесуі.

26 мамыр – Кеңестік жазушылар үйіндегі қазақ әдебиетінің кеші.

28 мамыр – онкүндік қатысушылары Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Сәкен Сейфуллин және т. б. марапаттау.

31 мамыр – онкүндік қатысушыларының Алматыға қайтуы.

Қазақстан мәдениеті мен өнерін жоғары деңгейде танытып қайтқан соң, үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде онкүндіктің нәтижелері талқыланды.

Қазақ мәдениеті мен өнерінің жаңа келбетінің мойындалуы мен құрметке ие болғандығының дәлелі 1936 ж. 26 мамырдағы КСРО Орталық атқару комитетінің Ж. Жабаевты, С. Сейфуллинді, К. Байсейітова мен Т. Жүргеновті Қызыл Ту орденімен марапаттау туралы қаулысы еді.

ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 10583-іс. 190-п.; 10596-іс. 184-п.; 10603-іс. 64-п.

**17–27 МАЯ – 80-ЛЕТИЕ
СО ДНЯ 1-Й ДЕКАДЫ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА В Г. МОСКВЕ**

Для организации декады была создана комиссия в составе А. Жубанова, [Г.] Тогжанова, ? Кадырбаева, Т. Байбосунова, А. Утекина, А. Ненашева, во главе наркома просвещения [Т.] Жургенева.

Этой комиссией было отобрано 300 человек для представления национальной культуры и искусства в столице Советского государства, которые 4 мая 1936 г. специальным поездом отправились из Алма-Аты в Москву. С первых же дней декады центральные газеты страны, такие как «Правда» и «Известия» стали освещать ход событий.

Краткая хроника декады:

10 мая – прибытие участников в Москву.

16 мая – открытие выставки в помещениях филиала Большого академического театра.

17, 19 мая, – открытие декады. Показ спектакля «Кыз-Жибек».

18 мая – показ спектакля «Жалбыр». Организация радиопередачи, посвященной казахскому эпосу и литературы, с передачей отрывков из произведений С. Сейфуллина, И. Джансугурова, С. Муканова, А. Токмагамбетова, А. Тажибаева и др.

22 мая – показ спектакля «Жалбыр».

23 мая – заключительный концерт казахской народной музыки, песни и танца.

24 мая – выступление казахских артистов в рабочих клубах и парках Москвы.

25 мая – встреча артистов с московскими работниками искусств.

26 мая – вечер казахской литературы в Доме советского писателя.

28 мая – награждение участников декады Джамбула Джабаева, Куляш Байсеитовой, Канабека Байсеитова, Курманбека Жандарбекова, Сакена Сейфуллина и др. Постановлением ЦИК СССР от 26 мая 1936 г. Джамбул, С. Сейфуллин, К. Байсеитова и Т. Журенов были награждены Орденом Красного Знамени

31 мая – отъезд участников декады в Алма-Ату.

АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.10583. Л.190; Д.10596. Л.184; Д.10603. Л.64.

1 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

1946 ж. 1 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы, Министрлер Кеңесі мен Қазақстан КП (б) ОК «Қазақ КСР-нің Ғылым академиясын құру туралы» қаулысын қабылдайды. Бұл қаулы КСРО Халық Космиссарлар Кеңесінің 1945 ж. 26 қазандағы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын Қазақ КСР Ғылым академиясы етіп қайта құру туралы қаулысының негізінде қабылданған болатын.

Академия өзінің жұмысының алғашқы күндерінен бастап республика ғылымының бас штабы және Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі үйлестірушісі бола алды. Сол уақыттардан бастап Республиканың Ұлттық ғылым академиясы бай табиғи ресурстарды игеру бойынша кең ауқымды зерттеулерін жүргізіп, еліміздің өндіріс күштерінің дамуына үлкен үлес қосуда және Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуының маңызды мәселелерін шешудегі алатын орны зор болып отыр.


КСРО және Қазақ КСР ҒА-ның академигі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жаһандық деңгейдегі ғалым, Қазақстан геологтар мектебінің негізін салушы, Ленин және КСРО мен Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының иегері – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті (1946–1952, 1955–1964 жж.) болып сайланды. Қазақстан ғылымы қызметкерлерінің күні де 12 сәуірдегі Қ. И. Сәтбаевтың туылған күніне орайластырылған.

1993 жылғы 21 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен Академия Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы болып қайта құрылды.

2002 жылғы 22 мамырда ҚР Үкіметінің Қаулысымен «ҚР Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы бекітілді. Жарғы бойынша ҚР ҰҒА Ғылым академиясының мүшелерін (академиктер), корреспондент-мүшелерін және Қазақстанның алдыңғы қатарлы ғалымдарын бірлестіретін мемлекеттік ғылыми мекеме болып табылған.

2003 жылғы 21 қазанда ҚР Президентінің Жарлығымен «ҚР Ұлттық ғылым академиясы» РММ жойылады және «ҚР Ұлттық ғылым академиясы» қоғамдық бірлесітігі болып құрылады.

ҚР ПА. 708-қ. 10-т. 160-іс. 40–42-пп. 1871-іс; Академия наук Казахской ССР (хроника событий). – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 42 с.; Органы государственной власти Республики Казахстан (2001–2005 гг.): Справочник: второе издание. / Архив Президента РК. Алматы «Эдельвейс»: 2007. – 560 с.



Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы, Министрлер Кеңесі және Қазақстан КП (б) ОК-нің «Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы» 1946 ж. 1 маусымдағы қаулысы

Постановление Президиума Верховного Совета, Совета Министров и ЦК КП (б) Казахстана «Об учреждении Академии наук Казахской ССР» от 1 июня 1946 г.
АП РК. Ф.708. Оп.10. Д.160. Л.40–42.

1 ИЮНЯ – 70-ЛЕТИЕ СО ДНЯ УЧРЕЖДЕНИЯ АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСТАНА

1 июня 1946 г. Президиум Верховного Совета, Совет Министров и ЦК КП (б) Казахстана приняли Постановление «Об учреждении Академии наук Казахской ССР».

С первых дней деятельности Академия стала координатором научно-исследовательских работ в Казахстане, развернула исследования по освоению природных ресурсов, внесла вклад в развитие производительных сил страны, в решение проблем экономического, социального и духовного развития казахстанского общества.

Первым президентом АН был избран Каныш Имантаевич Сатпаев (1946–1952, 1955–1964 гг.) – ученый с мировым именем, основатель казахстанской школы геологов, лауреат Ленинской и Государственной премий СССР и Казахской ССР.

21 января 1993 г. Указом Президента Республики Казахстан Академия преобразована в Национальную академию наук РК.

22 мая 2002 г. Постановлением Правительства РК был утвержден Устав республиканского государственного учреждения «Национальная академия наук РК». Согласно Уставу НАН РК являлась государственным научным учреждением, объединяющим действительных членов (академиков), членов-корреспондентов Академии наук и ведущих ученых Казахстана.

Указом Президента Республики Казахстан от 21 октября 2003 г. РГУ «Национальная академия наук РК» ликвидировано и образовано общественное объединение «Национальная академия наук РК».

АП РК. Ф.708. Оп.10. Д.160. Л.40–42; Д.1871; Академия наук Казахской ССР (хроника событий). – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 42 с.; Органы государственной власти Республики Казахстан (2001–2005 гг.): Справочник: 2-е издание / Архив Президента РК. Алматы: Эдельвейс: 2007. – 560 с.

19 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН К(Б)П ОК-нің «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ТРОЛЛЕЙБУС ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАНЫНА 75 ЖЫЛ



КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің Алматы қаласында троллейбус құрылысына рұқсат беру туралы 1941 ж. 5 маусымдағы № 3808 өкіміне сәйкес, Қазақстан Халық Комиссарлары мен Қазақстан К(Б)П ОК «Алматы қаласында троллейбус құрылысы туралы» қаулысын қабылдады. Аталған қаулы бойынша Қазақстан астанасында 5,5 шақырымдық бір жолдық троллейбус құрылысы төмендегідей бағытта бекітілді:

- а) Дзержинский [қазіргі Наурызбай] көшесі бойымен Виноградов [қазіргі Бөгенбай батыр] көшесінен Калинин [қазіргі Қабанбай батыр] көшесіне дейін;
- б) Калинин [қазіргі Қабанбай батыр] көшесі бойымен Дзержинский [қазіргі Бөгенбай] көшесінен Ленин [қазіргі Достық] даңғылына дейін;
- в) Ленин [қазіргі Достық] даңғылы бойымен Калинин [қазіргі Қабанбай батыр] көшесінен Бас арыққа дейін [қазіргі Абай даңғ.]

Құрылыстың қаржылық қоры 1 млн рубльді құрады. Көшелердің жекелеген аумақтарының талапқа сай болмауына байланысты жол-көпірлік жұмыстар мен асфальт төсеу жұмыстары қажет болды. 14 троллейбус жүргізушісінен Мәскеулік курстарда оқыту жоспарланды.

Троллейбус жұмысын іске қосу Қазан төңкерісінің 24-жылдығы (яғни 1941 ж. 7 қараша) күніне жоспарланған еді. Бірақ тарих көрсетіп отырғандай, Алматыдағы көліктің бұл экологиялық таза түрінің қозғалысы 1944 ж. Гоголь көшесінің бойында ашылған. 1960 ж. троллейбустың қашықтығы 34,4 шақырымға жеткен, 1970 ж. 151,2 шақырым, 1982 ж. 211 шақырымды құраған.

ҚР ПА. 708-қ., 5/1-т., 136-іс, 182, 183-п.; Алма-Ата. Энциклопедия / Гл. ред. Козыбаев М.К. – Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1983. — 522 с.



Халық Комиссарлар кеңесі және Қазақстан КП (б) ОК-нің «Алматы қаласында троллейбус құрылысы туралы» 1941 ж. 19 маусымдағы қаулысы.

Постановление Совета Народных Комиссаров и Центрального Комитета КП (б) Казахстана «О строительстве троллейбуса в гор. Алма-Ата» от 19 июня 1941 г.

19 ИЮНЯ – 75-ЛЕТИЕ СО ДНЯ ПРИНЯТИЯ ПОСТАНОВЛЕНИЯ СОВНАРКОМА И ЦК КП (б) КАЗАХСТАНА «О СТРОИТЕЛЬСТВЕ ТРОЛЛЕЙБУСА В г. АЛМА-АТА»

По данному постановлению было утверждено строительство троллейбуса в столице Казахстана протяжением 5,5 км одиночного пути по трассе:

а) по ул. Дзержинского (ныне Наурызбай батыра...) от ул. Виноградова (ныне Бөгенбай батыра...) до ул. Калинина (Кабанбай батыра...);

б) по ул. Калинина (Кабанбай батыра...) от ул. Дзержинского (ныне Наурызбай батыра...) до проспекта Ленина (ныне Достык...);

в) по проспекту Ленина (ныне Достык...) от ул. Калинина (ныне Кабанбай батыра...) до Головного арыка (ныне пр. Абая).

Объем капиталовложений на строительство составляло 1 млн руб. Из-за не усовершенствования покрытия отдельных участков улиц необходимо было произвести дорожно-мостовые работы и асфальтирование улиц. Планировалось подготовка 14 человек водителей троллейбусов на Московских курсах. Ввод в эксплуатацию троллейбуса планировался ко дню празднования 24-й годовщины Октябрьской революции (т. е. к 7 ноября 1941 г.). Однако впервые в Алма-Ате движение этого экологически чистого вида транспорта открылось в 1944 г. по ул. Гоголя. В 1960 г. протяжённость троллейбусных линий достигла 34,4 км, в 1970 г. составляла 151,2 км, в 1982 г. – 211 км.

*Ә.Т. Сүлейменова,
ҚР Президенті Архивінің Жинақтау және құжаттама
басқармасының бас сарапшысы,
тарих ғылымдарының кандидаты*

**Б.А. ТӨЛЕПБАЕВТЫҢ ЖЕКЕ ҚОРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
КЕЗЕҢДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ**

Мемлекет тарихының жазылуында жеке тұлғалардың өмірі мен қоғамды-саяси қызметі белгілі бір маңызға ие. Дәуір тынысын бейнелеуде тарихшының міндеті ауқымды да келелі.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне мемлекеттік сақтауға алынған 80-нен астам жеке қорлар Архивтің бейініне қарай Қазақстанның кеңестік дәуірі мен тәуелсіздік кезеңдерінде қызмет жолы өрілген саяси қайраткерлердің құжаттарынан жинақталған. Жеке қор иелерінің арасындағы тарихшы ғалымдардың ішінен Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтын және оның құрылымдық бөлімдерін басқарған (С.Б. Бейсембаев, М.Қ. Қозыбаев, Б.А. Төлепбаев, А.А. Байшин) тұлғалардың құжаттарын ерекше бөліп атауға болады [1, 37, 40-б.].

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының дербес ғылыми-зерттеу институты ретінде шаңырақ көтергенінің 70 жылдық тарихындағы ғалымдар қатарындағы Б. А. Төлепбаевтың жеке қорының дереккөзтану саласындағы алатын орны бүгінгі еңбекке арқау болып отырғаны тектен тек емес. Төмендегі еңбек жолдары жөнінде келтірілген деректерге сүйенсек, Бәйдібек Ахметұлының өмірі мен қызметі ҚР Президенті Архивінің негізі болып саналатын Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институты мен Тарих және этнология институтымен тығыз өрілген. 1985 ж. қазан айында Партия тарихы институтын басқаруға кіріскен Б.А. Төлепбаев келгенге дейін 1984–1985 жж. 11 монография, 7 жинақ жариялаған болса, бір ғана 1986 ж. өзінде 10 монография, 11 құжатты жинақ, мақалалар жинағы және 4 кітапша жарыққа шыққан. [2, 203-б.].

Б.А. Төлепбаевтың жеке архивінің құжаттары қор құрушының жұбайы К. Төлепбаеваның тапсыруымен 2012 ж. 11 қаңтарда жасалған келісімшарт негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне мемлекеттік сақтауға қабылданды.

Жеке архивтің құжаттарының құндылығы сараптамадан өткізілген соң, ғылыми ұйымдастыру нәтижесінде 1937–2011 жж. аралығындағы 136 істен тұратын тұрақты сақталатын істер тізімдемесі құрастырылды.

Құжаттар құрамы ескеріле отырып қордағы істердің төмендегідей сызбасы пайдаланылды:

1. Б.А. Төлепбаевтың өмірбаянына қатысты құжаттар
2. Б.А. Төлепбаевтың қызметтік және қоғамдық жұмыстары туралы құжаттар
 - 2.1. Мемлекеттік мекемелердің, ғылыми ұйымдардың Б.А. Төлепбаевқа ғылыми жиындарға, салтанатты жиналыстарға қатысуға шақырған хаттары
 - 2.2. Б.А. Төлепбаевтың хат алмасулары
 - 2.3. Б.А. Төлепбаевтың мемлекеттік қызметіне қатысты құжаттары
 - 2.4. Б.А. Төлепбаевтың ғылыми қызметіне қатысты құжаттары
 - 2.5. Б.А. Төлепбаевтың бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған мақалалары, ғылыми конференцияларда, салтанатты жиындарда сөйлеген сөздері, баяндамалары
3. Б.А. Төлепбаев туралы құжаттар
4. Б.А. Төлепбаевтың өзін қызықтырған мәселелер бойынша жинаған құжаттары
5. Б.А. Төлепбаевтың фотосуреттері.

Қазақстан Республикасының партия және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА, РҒА академигі Бәйдібек (Байдабек) Ахметұлы Төлепбаев 1921 ж. 10 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданының (қазіргі Ордабасы ауданы) Төрткүл ауылында дүниеге келді.

1939 ж. Ташкент қ. Қазақ педагогикалық училищесін бітірген соң Шымкент облысы, Шаян ауданына қарасты Орлов орталау мектебінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. 1939 ж. Кеңес әскері қатарына шақырылып, Украинаның Гасин, Самбур қалаларында 189 атқыштар дивизиясының қатардағы жауынгері ретінде Отан алдындағы борышын өтеді. 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, Оңтүстік, Батыс және Карелия майдандарында бронепоездардың 7 бөлек дивизионында бронепоезд командирі болды. Майданнан оралған соң 1946–1947 жж. Ташкент өнеркәсіп училищесінде оқытушы, директордың орынбасары болып жұмыс істеді. 1947–1949 жж. – Өзбекстан КП ОК жанындағы екі жылдық партия мектебінің тыңдаушысы болды, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтын экстерн бітірген соң 1949–1960 жж. Өзбекстан КП ОК партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметіне кірісті. Б.А. Төлепбаевты 1960 ж. Мәскеу қ. шақырып, ол 1973 ж. дейін КОКП ОК партиялық ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметін абыроймен атқарды. Ол 1969–1972 жж. – КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аға оқытушысы ретінде партиялық жұмысты ғылыми қызметпен тығыз ұштастырды. Бәйдібек Ахметұлы қызмет бабымен елге оралып, 1974–1976 жж. – Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы қызметіне тағайындалды. Ол 1976 ж. бастап ғылыми жұмысқа кірісті, 1984 ж. дейін – Қазақстан ҒА вице-президенті лауазымында қазақ кеңестік ғылымының қара шаңырағында еңбек етті. Сонымен қатар ғалым-академик 1977–1991 жж. ҚазКСР-і «Білім» қоғамының төрағасы ретінде қоғамдық жұмыспен қызу айналысты. Бұдан кейінгі қызметі төмендегі бағытта өрбіді: 1978–1986 жж. – Қазақстан ҒА Тарих, археология және этнография институтының бөлім меңгерушісі; 1985–1991 жж. – КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы – Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының директоры; 1991–1994 жж. – Қазақстан ҒА төралқасының кеңесшісі; 1994 ж. бастап өмірінің соңына дейін ҚР БҒМ Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері міндеттерін атқарды.

Б.А. Төлепбаев тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА академигі (1975), КСРО ҒА мүше-корреспонденті (1983), Ресей ҒА академигі ретінде Қазақстанның ғылыми ортасында абыройлы тұлғалардың бірі.

Сонымен қатар ғалым-академик 1971 ж. Чехословакияда семинарда дәріс оқыды, 1974 ж. партия делегациясының құрамында Египетте болды, 1980 ж. Румынияда өткен Тарихшылардың XV дүниежүзілік конгресіне делегат ретінде қатысты, 1981 ж. ғылыми қызметкерлердің делегациясын Жапонияға басқарып барды, 1985 ж. ГФР-де өткен Тарихшылардың XVI дүниежүзілік конгресінің делегаты, 1986 ж. Швецияда Бүкілодақтық «Білім» қоғамының делегациясының құрамында іссапарда болды.

Б.А. Төлепбаев Қазақстанның кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі өкілді және сайланбалы органдардың жұмысына белсене араласып, ҚазКСР-і Жоғарғы Кеңесінің 10 шақырылымының депутаты, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 12 (1990) және 13 (1994) шақырылымдарының депутаттығына үміткер ретінде ел тарихында қалды.

Тәуелсіздік кезеңінде қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып, Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы (қазан 1994 ж. – сәуір 1996 ж.) қызметін атқарды.

Б.А. Төлепбаевтың ел алдында атқарған қызметі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, ол «Құрмет белгісі» (1957), Ленин (1981), Еңбек Қызыл Ту (1976), Ұлы Отан соғысының 1 және 2 дәрежелі, «Парасат» (2006) ордендерімен, Өзбек КСР-і, РКФСР Жоғарғы Кеңестерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Бәйдібек Ахметұлы – ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағының иегері.

Оның ұзақ жылдардағы ғылыми жұмысы «Осуществление аграрной политики в республиках Средней Азии и Казахстана» (1967), «Торжество ленинской идеи социалистического преобразования Средней Азии и Казахстана» (1975), «Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане» (1983), «Д.А. Кунаев – выдающийся государственный и политический деятель» (2006 г. автормен бірігіп) ғылыми монографияларымен қорытындыланады. Ғалымның «Аграрные преобразования в республиках Советского Востока» монографиясы араб тілінде, «Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане» монографиясы ағылшын тілінде жарық көрген.

КСРО тарихшыларының Ұлттық комитетінің, МХР ҒА Тарих институты мен Социалистік елдердің ҒА халықаралық проблемалық комиссиясының монғол бөлігінің Б.А. Төлепбаевты Тарих ғылымдарының халықаралық XVI конгресінің (Штутгарт қ., ГФР), халықаралық ғылыми конференция жұмысына, Тарих ғылымдарының халықаралық XVII конгресіне (Мадрид қ., Испания) қатысуға шақырған хаттары аталған тарау құрамына енгізілді.

Б.А. Төлепбаевтың хат алмасуларының ішінде КСРО ҒА Әлем экономикасы және халықаралық қатынастар институты директорының, КСРО ҒА вице-президенті, академик П.Н. Федосеевтің, Өзбек КСР-і ҒА корреспондент-мүшесі Р.Х. Аминованың және т. б. ғалымдардың Б.А. Төлепбаевқа жолдаған кітаптары, монографиялық еңбектің тарауларына қажетті деректерін бергені үшін алғыс білдірген, Алматыдан шыққан кітапты жіберуді сұраған хаттары, «Новости» баспа агенттігінің, Шымкент облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшылығының Б.А. Төлепбаевқа кеңес және поляк ғылымындағы, техникасы мен мәдениетіндегі белгілі тұлғалар туралы өмірбаяндық жинаққа енгізу, атақты жерлестер айдарына пайдалану үшін өмірбаяндық деректерін жазып жіберуді сұраған хаттары, Г.И. Желтованың Б.А. Төлепбаевқа оның өмірбаяны жарияланған «Биобиблиографические очерки» кітабын жібергендігі туралы хаты бар. Т.М. Фамилоз, Г.И. Зинченконың құрлықтағы көліктің дамуының экономикалық және әлеуеттік нәтижелері туралы кітаптың Ұлыбританиядан шығатындығы және авторлық данасының жіберілетіндігі, Б.А. Төлепбаевтың «Аграрные преобразования в республиках советского Востока» кітабының араб тіліндегі нұсқасының Йемен Халық Республикасында үлкен сұранысқа ие болғандығы туралы жазған хаттары қазақ ғалымдарының кеңестік дәуірде шетелдерде жариялануын зерттейтін ғалымдар назарын аударатыны сөзсіз.

Мемлекеттік және ғылыми қызметін айғақтайтын құжаттардан тұратын істерде Б.А. Төлепбаевтың Қазақстан КП ОК, ҚазКСР-і Министрлер Кеңесінің басшылығының атына жазған Әбу Насыр Әл Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар, «сталиндік кезеңдегі» Қазақстан тарихының зерттелуі жөніндегі айтылған пікір туралы баяндау хаттары, З.Б. Қаратаеваның Д.А. Қонаевқа әкесі Б. Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметіне дұрыс баға берілуін, оның еңбектерінің жарыққа шығарылуын сұраған хаты, Б.А. Төлепбаевтың Египет, Жапония, Монғолия және т. б. шетелдерде қызметтік іссапарда болғанын айғақтайтын құжаттар, Қазақстан КП ОК Саяси бюросының, ҚазКСР-і Ғылым академиясы төралқасының Б.А. Төлепбаевты Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының директоры қызметінен, Академия төралқасының кеңесшісі етіп сайлау, төралқа мүшелігінің міндетін атқарудан босату туралы қаулылары, Б.А. Төлепбаевтың «Осуществление ленинской аграрной политики партии в республиках Средней Азии», «Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане» монографияларын жариялауға қатысты құжаттары, Б.А. Төлепбаевтың тарих ғылымдарының кандидаты, докторы ғылыми атақтары үшін дайындалған диссертация-

лардың авторефератына, қолжазбаларына жасаған пікірлері, оның ғылыми еңбектерінің және еңбектеріне жасалған рецензиялардың тізімдері және т. б. құжаттар топтастырылды.

«Б.А. Төлепбаев туралы құжаттар» деп аталған тарауда Б.А. Төлепбаевтың «Осуществление ленинской аграрной политики партии в республиках Средней Азии (1917–1965 гг.)» атты монографиясына К. Суворовтың, Р.Х. Аминованың, А.И. Зевелевтің және т. б. одақтық, республикалық ғалымдардың жазған рецензиялары, пікірлері, «Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане» кітабы туралы «Asia & Africa Today», «Asia e Africa hoje» журналдарына жарияланған библиографиялық рецензиялар және т. б. өмірбаяндық мақалалар мен сұхбаттар енгізілді.

«Б.А. Төлепбаевтың фотосуреттері» деп аталған тарауда фотосуреттер отбасылық, қызметтік бағыттарына қарай хронологиялық тәртіппен орналастырылған. Олардың ішінде А.М. Қонаевпен, А.А. Асқаровпен, Ш. Айтматовпен, И.И. Минцпен түрлі ғылыми, ресми жиындарда бірге түскен суреттерімен қатар, отбасы мүшелерімен түрлі іс-шараларда, отбасылық мерекелерде түскен, қазақстандық, ресейлік, кеңестік зиялы қауым өкілдерімен халықаралық конференцияларда, салтанатты жиындарда, мерейтойлық рәсімдерде түскен суреттері бар. Европа елдеріне, Жапонияға жасаған қызметтік іссапарларда түскен суреттері жеке іске жинақталған.

Б.А. Төлепбаевқа ҚР БҒМ Министрі Б. Жұмағұловтың ҚР ҰҒА Үлкен алтын медалін тапсыру кезінде түскен суреттері «Ғылымның дамуы – еліміздің болашағы» форумының өткізілу сәтінде түсірілген суреттермен бірге жинақталды [3, 3–7-б.].

Кеңестер Одағының Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған үш қазақтың бірі (Қ. Сәтбаев, А. Қонаев) Б.А. Төлепбаевтың ғылыми-зерттеу бағыттары жан-жақты: еліміздегі аграрлық саясат, мемлекеттік құрылыс, ұлтаралық қатынастар, білім мен ғылымның даму мәселелері және т.с.с. – деп атап көрсетеді оның шәкірт інілерінің бірі К. Нәрібаев. [4, 173-б.].

Тарихшы ғалымның ғылыми мұрасы Қазақстан тарихын кезеңдерге, салаларға бөліп зерттеу барысында дереккөздер қатарын толықтырып, өскелең ұрпақтың өткен тарих деректеріне қызығушылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Справочник по архивным фондам личного происхождения. Выпуск 2. Т.1. Алматы, 2009.
2. Грибанова Е.М. «Годы работы в институте истории партии были лучшими в моей трудовой биографии Б.А. Тулепбаев – выдающийся ученый и крупный политический деятель. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 328-б.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 251-ЕЖ-қ. 1-т. Тізімдемеге алғысөз.
4. Нәрібаев К. Көрнекті қайраткер, ғұлама ғалым. Б.А. Тулепбаев – выдающийся ученый и крупный политический деятель. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 328-б.

ҚР ПА ҚОРҚҰРУШЫСЫ Т. ЖАНГЕЛДИННІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

Тоқтағали Жангелдиннің жеке қорына шолу

Тоқтағали Жангелдин – Қазақ КСР-нің партия және мемлекет қайраткері.

Ол 1916 ж. 25 қарашада Семей облысы, Аягөз ауданы Айғыз ауылында дүниеге келген. Т. Жангелдиннің ата-анасы мал шаруашылығымен айналысты, әкесі 1921 ж., анасы 1956 ж. қайтыс болды.

1931 ж. Т. Жангелдин сегізжылдық мектепті бітіріп, Семей құрылыс училищесіне оқуға түсті, бұл оқу орнын 1933 ж. бітірді. Осы жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының физика-математика факультетінде білім алуын одан әрі жалғастырды.

1938 ж. жоғары оқу орнын бітірген соң Т. Жангелдин өзінің еңбек жолын Алматы қаласындағы кітапхана техникумында физика және математика пәндерінің оқытушысы ретінде еңбек жолын бастады, Жұмысшы-Шаруа Қызыл әскерінің қатарына шақырылғанға дейін осы оқу орнында жұмыс істеді.

1940 ж. ақпан айында әскер қатарына шақырылған сәттен бастап, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін полк мектебін бітірді, Батыс ерекше әскери округінің бөлімше, взвод командирі болды. Т. Жангелдин соғысты Белоруссия топырағында қарсы алды.

Орталық майдандағы 1941 ж. қыркүйектегі шайқаста Т. Жангелдин жараланып, неміс тылында қалып қойды. 1942 ж. басында жарақатынан айыққан соң Т. Жангелдин Минск облысындағы Борисов ауданында шоғырланған партизан отрядына барды. Алдымен отрядтардың бірінде бөлімше командирі, барлық отрядтар «Дядя Коля» бригадасына біріктірілген соң Т. Жангелдинді бригада комиссарының комсомол жұмысы бойынша орынбасары, соңынан осы бригаданың «Кеңестік Отан үшін» отрядының комиссары, оны Белоруссия Борисов қалалық астыртын комсомол комитетінің бюро мүшесі етіп тағайындайды, бригадалық барлаушыларды басқарды.

1944 ж. маусымның соңында партизан отрядтары Үшінші Белорус майданының бөлімдерімен біріктірілді. Минск облысы азат етілген соң, 1944 ж. шілдеде Т. Жангелдин Белоруссия ЛКЖО ОК шешімімен БЛКЖО ОК қарауына, ал ол жақтан Қазақстан ЛКЖО ОК-не жіберіледі.



**Артиллерист Т. Жангелдин.
Вознесенск қ. 1940 ж.**

1944 ж. маусымнан 1945 ж. қазан аралығында ол комсомол жұмысында болады – Алматы облыстық комсомол комитетінің хатшысы, одан кейін Қазақстан ЛКЖО ОК әскери бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарады.

1945 ж. қазанда Қазақстан КП ОК ұсынысымен Т. Жангелдин Мәскеу қаласындағы БК (б) П ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы болып қабылданады.

Жоғарғы Партия мектебін бітірген соң Т. Жангелдин оқытушылық қызметпен айналысты. 1948 ж. тамызда саяси және ғылыми білімді тарату жөніндегі Қазақстан қоғамының жауапты хатшысы етіп бекітеді, Алматы Заң институтының марксизм-ленинизм оқытушысы қызметін қоса атқарады, ал 1951 ж. ақпанда Қазақстан БК (б) П ОК жанындағы партия мектебіне аға оқытушылыққа ауыстырылады.

1951–1954 жж. Т. Жангелдин КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясында оқыды. Академияны бітірген соң философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады, осы жылы Т. Жангелдин Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің лекторлар тобының басшысы жұмысына жіберілді, 1955 ж. қыркүйекте оны аталған облыстық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі етіп бекітті.


1957 ж. шілдеде Т. Жангелдинді Қазақстан КП ОК аппаратына ғылым, жоғары оқу орындары және мектептер бөлімі меңгерушісінің орынбасары етіп ауыстырды.

Үш жарым жыл өткен соң (1961 ж. 6 қаңтардан бастап) Т. Жангелдин КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы болып саналатын Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтын басқарды.

1964 ж. маусымнан Қазақстан КП ОК аппаратына қайта оралып ғылым және мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ал 1965 ж. – ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі болды.

1968 ж. наурызда Қазақстан КП ОК шешімімен Т. Жангелдин Қазақ КСР Ғылым академиясының жүйесіне жұмысқа жіберілді, алғашында Философия және құқық институты директорының орынбасары қызметін, 1969 ж. қыркүйектен аталған институттың директоры қызметінде болды.

1973 ж. 11 ақпанда 57 жасында Т. Жангелдин қайтыс болды



Белоруссия ЛКЖО Борисов қалалық астыртын комсомол комитетінің Т. Жангелдинге берген мінездемесі. 8 шілде 1944 ж.

Еңбек жолында Т. Жангелдин Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Т. Жангелдиннің жеке архивінің құжаттарын Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне мемлекеттік сақтауға 2000 ж. 29 ақпанда оның жұбайы Бәтіш Рахымханқызы Қазыханова тапсырды.

Олардың арасында қызметтік және ғылыми жұмыстарын көрсететін шығармашылық құжаттары, қоғамдық және зерттеушілік қызметінің нәтижесінде жинақталған құжаттар, өмірбаяндық құжаттар бар. Т. Жангелдиннің құжаттарын ғылыми ұйымдастыру барысында құндылығы сарапқа салынып, қайталанатын құжаттар іріктелді, 1917–[1985] жылдарды қамтитын, 117 істен және фотоқұжаттардың 2 сақтау бірлігінен тұратын № 1 тізімдеме құрастырылды.

Т. Жангелдиннің қызметі сан қырлы. Ол – оқытушылық және ғылыми жұмыс, партиялық және қоғамдық қызмет. Бірақ оның өмірінің бұл қырларының барлығы да бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан құжаттардың төмендегідей типтік жүйелеу сызбасы таңдалып алынды.

1. Т. Жангелдиннің өмірбаянына қатысты құжаттар.
2. Т. Жангелдиннің шығармашылық құжаттары.
 - 2.1. Монографиялар
 - 2.2. Мақалалар, сөйлеген сөздері
 - 2.3. Повестер, әңгімелер
 - 2.4. Үзінділер, конспекттер, тезистер
3. Т. Жангелдинге берілген қолтаңбалар
4. Т. Жангелдиннің өзінің жұмысына және қызықтыратын мәселелер бойынша жинаған құжаттары

4.1. Әлеуметтік-философия проблематикасы бойынша шетелдік және кеңестік жарияланымдардың үзінділері, мақалалар

4.2. Қазақстан мен Орта Азияның басқа республикаларының 20–30-жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі туралы республикалық баспасөздегі мақалалар мен үзінділер

4.3. 20–30-жылдардағы республикалық баспасөздегі экономикалық мәселелер бойынша мақалалар мен үзінділер

4.4. 20–30-жылдардағы білім, мәдениет және өнер туралы республикалық баспа-сөздегі мақалалар, үзінділер.

5. Т. Жангелдиннің фотосуреттері.

2001 ж. 25 қыркүйекте Архив директоры бекіткен жеке қордың тізімдемесіне енгізілген істер атаулы, заттық-сауалдық және хронологиялық белгілері бойынша қалыптастырылған.

Істердің тақырыптары оның жазылу тәсілі мен құжаттың тілі көрсетіле отырып берілген. Ғылыми-техникалық өңдеуді Р. Самарина мен В. Шахова жүргізді. Тізімдеме алғысөз, қысқарған сөздер тізімі, атаулы көрсеткіден тұратын ғылыми-анықтамалық аппаратпен жабдықталған.

Назарларыңызға Т. Жангелдиннің 100 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес оның ұлы Ерлен Тоқтағалиұлы Жангелдиннің қосымша тапсыруымен қабылданған фотосуреттер мен құжаттарды ұсынамыз. Тұңғыш рет жарияланып отыр.



**Тоқтағали Жангелдин – Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институтының директоры.
Алматы қ. 6 сәуір 1970 ж.**

*Т. Покидаева,
археограф КГУ*

«Государственный архив Павлодарской области»

**ОТЗЫВ НА СБОРНИК ДОКУМЕНТОВ И МАТЕРИАЛОВ
«АРХИВИСТЫ И АРХИВЫ КАЗАХСТАНА. XX И XXI вв.»**

Выход в свет изданного Архивом Президента Республики Казахстан в 2015 г. сборника документов и материалов «Архивисты и архивы Казахстана. XX и XXI вв.», составителями которого являются Р.М. Абдуали, Ж.Т. Байкаш, Е.М. Грибанова (ответственный составитель) и Е.В. Чиликова, стал заметным событием в истории архивного дела Республики Казахстан. Это новое слово в исследовании истории архивной отрасли страны, весомый вклад в разработку данной темы.

Интересна идея сборника, она содержится в заглавии издания: эта книга в первую очередь об архивистах, творивших и творящих историю архивного дела Казахстана, в то же время, это сама история архивной отрасли нашей страны, показанная сквозь призму судеб отдельных людей, очеловеченная история.

Особенно полезен этот сборник для молодых архивистов. Публикуемые в нём документы и материалы позволяют узнать, как выбирали специальность, как входили в профессию старшие поколения казахстанских архивистов, как строилась их деятельность в рамках избранной профессии, какие проблемы, какие вызовы времени возникали, как наши старшие коллеги справлялись с ними.

Сборник содержит документы разных видов: воспоминания, статьи, тексты выступлений, автобиографии, характеристики, список сборников, рекомендуемых ученикам. Многоцветие документальной палитры издания делает его более привлекательным и интересным для читателя.

Мне как архивисту Государственного архива Павлодарской области особенно интересны воспоминания павлодарских архивистов Фаины Артемьевны Юхановой и Веры Дмитриевны Болтиной.

Фаина Артемьевна Юханова и Юрий Александрович Юханов – первые историки-архивисты, выпускники Московского историко-архивного института 1955 г., направленные в Павлодарскую область в составе большой группы выпускников института, поехавших на работу в Казахстан по приглашению начальника архивного управления республики Н.Н. Фёдорова.

Юрий Александрович Юханов стал учителем для Веры Дмитриевны Болтиной, выпускницы Московского историко-архивного института 1972 г., в 1973–1976 гг. – директора Государственного архива Павлодарской области, в 1976–2008 гг. – руководителя органа управления архивной отраслью Павлодарской области, заслуженного работника культуры Казахской ССР, отличника архивного дела.

Мне посчастливилось работать под руководством В.Д. Болтиной, высокопрофессионального историка-архивиста, требовательного руководителя. Вера Дмитриевна для нескольких поколений павлодарских архивистов стала мудрым наставником, учителем в профессии, примером беззаветного служения избранному делу, проявления высокого мастерства и достижения значимых результатов. К числу её благодарных учеников отношусь и я. В воспоминаниях Веры Дмитриевны, опубликованных в сборнике, я нашла и новые для себя факты истории нашего архива, и рассказ о событиях, известных мне, но открывшихся в воспоминаниях Веры Дмитриевны по-новому, через её восприятие и чувства.

Большой интерес представляют вступительная статья, публикации, комментарии, подготовленные кандидатом исторических наук Е.М. Грибановой.

Ценность издания как источника по истории архивного дела Казахстана несомненна, уверена, что сборник документов и материалов «Архивисты и архивы Казахстана. XX и XXI вв.» будет востребован нынешними и будущими поколениями исследователей, занимающихся проблемами архивной отрасли нашей страны.


*Б.С. Заурбекова,
ҚР Президенті Архивінің Ақпаратты-әдістемелік
жұмыс басқармасының бас сарапшысының м.а.*

АРХИВ КІТАПХАНАСЫНА 2016 ЖЫЛҒЫ I ТОҚСАНДА ТҮСКЕН КІТАПТАРҒА ШОЛУ



Қойгелдиев М. Тарих – күрес алаңы: мақалалар, сұхбаттар. – Алматы, 2015. – 388 б.

Бұл кітапта еліміздің өтпелі кезеңде жарық көрген ғылыми мақалалар, сұхбаттар және ресми орындарға жолданған хаттар топтастырылған. Аталған еңбектер отандық тарихтың түрлі тақырыптарын қамтиды.




Қойгелдиев М. Қазақ елі. Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). – Алматы, 2014. – 432 б.

Қазақ елінің тарихы – ұлттық құндылықтар мен болмыс үшін, яғни, қазіргі ғылым тілінде ұлттық бірегейлікті сақтау үшін күрес тарихы. Ұлттық бірегейлікті сақтамаған күнде біздің бүгінгі мемлекеттік тәуелсіздігіміздің шындыққа айналуы да екіталай еді. Бұл кітапта осы арпалысты күрестің соңғы жүзжылдықтардағы негізгі кезеңдері мен бағыттарымен танысуға болады.



Қойгелдиев М. Қоғамның тарихи жады: XX ғасыр Алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелерінде. – Алматы, 2015. – 244 б.

Кітапта Алматы облысы Ескелді ауданы Н. Алдаберген атындағы ауылдың 1930-жылдардан бергі тарихы, ұжымның жүріп өткен жолы архив деректері мен өңір тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелері негізінде баяндалады. Сонымен бірге шаруашылықтың өсіп-өркендеуіне тікелей атсалысқан қарапайым еңбек адамдарымен жүргізілген сұхбат материалдары берілген.



Қойгелдиев М. Айтылған тарих. – Алматы, 2015. – 240 б.

Кітапта қазақ халқының тарих айту дәстүрі және оның бүгінгі жалғасы – айтылған тарих әдісін тарихи зерттеу жұмыстарында пайдаланудың теориялық, методологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ осы салада жинақталған шетелдік тәжірибелер қарастырылады.




Минералы Казахстана. Галогениды / Сост. Н.К. Кудайбергенова, М.М. Стецюра. – Алматы, 2014. – 124 с.

В книге представлены фактические материалы по геологии и минеральным ресурсам Казахстана. Издание снабжено цветными фотографиями минералов.



